

ҚАРЫЗ бен ПАРЫЗ

ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ
БОРЫШ БУҒАУЫНАН
КАШАН БОСАЙДЫ?

5-бет

«БУРАБАЙ БУДЕТ
ПРИОБРЕТАТЬ
ИЗВЕСТНОСТЬ
ВО ВСЕМ МИРЕ»

15-бет

МҰЗ ҮСТІНДЕ
БИЛЕГЕН
МҰЗБАЛАҚ
ҰЛ ЕДІ...

20-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №29-30 (795-796), 28 шілде – 6 тамыз, 2018



САХНА ПЕРІШТЕСІ

Күләштің өліміне көп себептер болды. Рухани жалғыздық. Тіршіліктегі берекесіздік. Қытайға барады деп жиналып жүргенде басы осы аты өшкір... (осы жерде Ғабен бір-екі белгілі адамның атын атады. Бірақ мен этикалық себептерден жазбай отырмын...

10-11
бет

СУДЬЯЛАР КІМНІҢ СОЙЫЛЫН СОҒЫП ЖҮР?

**ЖАҚЫП АСАНОВ СОТ ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕ
КІРУ КЕРЕКТІГІН ТАЛАП ЕТТІ**



ҚР Жоғарғы Сотында сот төрелігін жүзеге асырудың 2018 жылғы бірінші жарты жылдықтағы жұмыс қорытындысы бойынша республика судьяларының кеңейтілген кеңесі өтті. Іс-шараға Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары Әлия Рақышева, Президент Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімінің меңгерушісі Данияр Вагапов, Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы Талғат Донақов, Парламент Сенаты комитетінің төрағасы Георгий Ким, Бас прокурордың орынбасары Марат Ахметжанов қатысты.

3
бет



САЙРАГҮЛ СОТЫ: ҰЛТЫМЫЗ бен МЕМЛЕКЕТІМІЗ ҮШІН СЫНАЛАР СӘТ

Күндегі әдетпен таңертең әлеуметтік желіде не жаңалық бар екен деп кірсек, екі айдан бері ақпарат құралдары жанашырлықпен жарыса жазып келе жатқан Сайрагүл Сауытбай қарындасымызға араша болуын сұрап танымал құқық қорғаушы Абзал Құспаннның Елбасыға жазған Ашық хаты алдымыздан атойлап шыға келді.

6
бет



ШАҚПА ТІЛДІ ШАРАПХАН

18
бет

ПОЧЕМУ МСХ НЕ ПОДДЕРЖИВАЕТ ЛИЧНЫЕ ХОЗЯЙСТВА?!

Управленец в сельском хозяйстве должен знать, чем и как кормят скот, как организуют отгонное животноводство, зачем нужно лиманное орошение, чем отличаются крупные хозяйства от личных и т.д. Судя по проектам Министерства сельского хозяйства РК, сомнительно, что в управлении с/х есть бывшие «колхозники», поэтому надо отправить чиновников в аулы.



12
бет

КЕРЕКУДІҢ КЕЙІН КЕТКЕНІ МЕ?

Павлодар өңіріне жұмыс сапарымен барған Президент Нұрсұлтан Назарбаев облыс басшысы Болат Бақауовты сыңға алып, аймақта орын алған кемшіліктерді бетке басты. Адам көргісіз инфоқұрылымдарды алдымен атап, әсіресе су мен жол мәселесін дереу шешуді талап етті.



Кереку аймағының экономикалық жағынан дамуына мүмкіндіктері мол. Көмір, мыс, алюминий тағы да басқа қазба байлықтары жетіп артылады. Бірақ, сол мүмкіндікті пайдаланып халық тұтынатын түрлі дайын өнім шығару қажет деңгейге қойылмаған. Қазақстанның маңдайалды өндіріс орындарының бірі алюминий зауыты осында орналасса дәлі күнге осы металдан ыдыс-аяқтың өзін жасай алмай келеміз. Сондықтан, табиғат байлығын сыртқа жөнелте бермей, дайын өнімге ден қою керектігін айтты Елбасы.

Өзен, көлге бай өңірде ауыл шаруашылығы да асып кете қойған жоқ. Әсіресе, ауылдық жерлердің жағдайы мәз емес. Бұл туралы да Н.Назарбаев: «Облыста 370 елдімекеннің 76 пайызы орталық су жүйесіне қосылмаған.

Аймақтардағы бұл ең нашар көрсеткіш. Неге бұлай? Түсіне алар емеспін. Мұнда су қоры жеткілікті ғой. Аграрлық салаға мемлекет мол қаржы бөліп отыр. Бірақ, бұл қып-қызыл шығын. Өйткені, ауылшаруашылығына бөлінген қаржы құмға сіңген судай жоқ боп кетеді. Қарызға батып банкрот болады. Мүмкін бұл кәсіпорындарды тартып алу керек шығар? Мемлекетке тағы шығын бұл. Осындай жағдайда шаруашылық қалай дамиды? Кеңес заманында Павлодар облысында ауылшаруашылығына пайдаланылатын жер аумағы 145 мың гектарға дейін жетіпті.

Қазіргі көрсеткіш соның үштен біріне татымайды» – деді. Соңғы кезде еліміз ерекше көңіл бөле бастаған туризм саласы бұл аймақта тұралап жатыр. Табиғаты тамылжыған Баянауыл, аты өнге айналған Маралды, курортты Мойылды сияқты жерлерді көркейтіп, туристерді тарту ісі дұрыс жолға қойылмаған. Президент келердің алдында қаланың өзін айнадай етіп жалтырата тазалап қойғанмен, екі жылдан аса облысты басқарып ел есінде қалардай ештеңе бітірмеген Болат Бақауов ақыры Елбасынан ескерту алып тынды.

Декларация туралы мәселе ондаған жылдар бойы айтылып келеді. Неге екенін оны кейінгіге сырғытумен келдік. Біз декларацияға әлі дайын емеспіз деген сияқты сылтаулар айтылды. Енді міне, екі жылдан соң жиған-тергеніміз бен табысымыз жайлы толық ақпарат беретініміз белгілі болды.

ЖИҒАН-ТЕРГЕНІМІЗДІ ЖАРИЯ ЕТЕМІЗ

2020 жылдан бастап ел азаматтары жеке меншігіндегі мал-мүлкі мен табысын тегіс жариялауға міндеттелмек. Үкімет әр адамнан жылдық жалақысы, көлігі, үйі, жер учаскесі мен қымбат сыйлықтарын түгел көрсетіп, декларация тапсыруды талап етпек.

Мемлекеттік кіріс комитеті төрағасының орынбасары Мәди Тәкиевтің айтуынша бұл шара 2020 жылғы 1-қаңтардан басталады. Яғни, екі жылдан кейін жұрт жаппай табыс декларациясын тапсырады. Үкімет осы арқылы әр адамның меншігіндегі мүліктің құнын есепке алмақ және жемқорлық жолмен келген ақша мен дүниені анықтаймыз деп отыр. Декларацияны жасы 18-ге толғандар, оралмандар, елімізде уақытша тұрып жатқан шетелдіктер мен Қазақстанда бизнес, мүлкі бар өзге мемлекеттің азаматтары да тапсырады. Егер кәметтік жасқа толмаған баланың атында құнды қағаз, жер телімі немесе үй, көлік болса, ол да декларация толтырады. Декларацияда жылдық табысыңызды, банктегі



шотыңызды, депозит пен үйде сақтап отырған ақшаныңдың сомасын жазасыз. Сонымен қатар, құны 1 миллион 200 мың теңгеден асатын кез-келген сыйлықты көрсетуіңіз керек. 2020 жылы жұрт жаппай декларация тапсыра бастайды. Ал 2021 жылы шененуіктер қымбат дүниені кімнің қайдан алғанын тексереді. Зансыз мүлік анықталса, бірінші ескерту жасалады, екінші рет 120 мың теңгеден астам айыппұл салынады. Бұл жерде байларымыздың шет елге жасырған ақшалары мен сатып алған зәулім сарайлары, өзге де сансыз байлықтарына қатысты әзірге ештеңе айтылмаған.

ПОЛИЦЕЙЛЕР ҮШ АДАМДЫ АЖАЛДАН ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

Күн ысып, шомылу маусымы басталысымен, адамдар су жағалауына асығатыны белгілі. Аптапта салқын суға түсіп демалудың артықтығы жоқ. Өкінішке орай, сол демалыстың соңы кейде қайғылы аяқталып жатады.

қаласының маңындағы бір ғана Қапшағай теңізінде 6 адам суға кеткен. Қапшағайда жаздың басынан бері барлығы 50-ден аса адам құтқарылған екен. Жақында Қапшағай теңізінде тағы да үш адам құтқарылды. Полиция қызметкерлері капитан Досбол Пішембаев, аға лейтенанттар Шерхан Қыдыралиев, Асхат Дабылдаев, лейтенанттар Нұрбол Төлебай, Шыңғыс Баяндин

ұшқырлық көрсетіп, судан шыға алмай тұншыққан үш демалушыны өлім аузынан аман алып қалды. «Суға кетудің басты себептері – ішімдік ішіп, ауа-райының қолайсыз кезінде суға түсу, рұқсат етілмеген орындарда суға шомылу және балаларды қараусыз қалдыру болып табылады» – дейді облыстық ТЖД баспасөз қызметінің ресми өкілі Азамат Жұртбаев.

Мысалы еліміз бойынша өткен сенбі мен жексенбіде шомылып жүрген 20 адам, Алматы

СЕНІМДІ ТУРИСТІК КОМПАНИЯЛАР ТІЗІМІ ЖАСАЛДЫ

Қазақстанда сенімді туристік компаниялардың тізімін «Туристік Қамқор» корпоративтік қорының баспасөз қызметі жария етті. Баспасөз мәліметтеріне қарағанда, «Туристік Қамқор» корпоративтік қоры қазақстандықтардың шетелде қауіпсіз демалуын қамтамасыз етуге қамқорлық жасайды.

Сол себептен де шетелге барып демалу үшін жолдамаларды сенімді туроператорлардан, яғни, азаматтардың құқықтарына кепілдік беретін ұжымдардан сатып алуға кеңес береді. Шетелге шықпас бұрын алдымен өзіңіз тоқтайтын қонақүй бронын, елге кері қайту билеті мен ТУРКОД-ты тексеріп алғаныңыз абзал. ТУРКОД деген не? Туристік код 11-13 (шығатын елге қатысты) қаріптік-сандық символдардан тұрады. Ол әр жолдаманы ресімдеген кезде автоматты түрде беріледі. Турист күтпеген жағдайға тап болған кезде Қормен байланысып, өзінің туркодының нөмірін хабарлайды және шұғыл туркоде 24 сағаттың ішінде көмек күтеді. Туркод жеке парақпен немесе жолдамаға жазылып берілуі мүмкін. Олай болмаған жағдайда, туроператордың қызметі заңсыз деп танылады және олардың қызметіне күмәнмен қарап, бірден бас тартуға құқылысыз. Келеңсіз жағдайға тап бола қалсаңыз, туркод сіздің ең жақын уақыттағы рейспен елге аман-есен оралуыңыздың кепілі болады. «Туристік Қамқор» корпоративтік қорына әзірше 56 туроператор мүшелікке енген. Олар саяхатшылардың қауіпсіздігіне толық кепілдік береді.

МАЛ АУРУЫ АДАМДАРҒА ЖҰҒЫП ЖАТЫР

Солтүстік Қазақстан облысындағы Архангельское ауылында бруцеллез дерті дендеп барады. Бүгінгі өзінде малдан жұғатын ауру 11 адамнан анықталған. Осыған байланысты бұл ауылдан ет пен сүт алуға шектеу қойылған.

Дертке шалдыққан малдың көзі жойылғанмен, өтемақысы жұрттың көңілінен шықпай отыр. Бұл аурудың алғашқы белгілері былтыр біліне бастапты. Ұрғашы сиырлар түсік тастап, желіндері ісінгенде, жұрт жергілікті ветеринарды шақырған. Малдан алынған сынамалар ірі қараның бруцеллезге шалдыққанын көрсеткен. Ауылдағы малды жаппай тексерген мамандар жұрттың 26 сиырын ет комбинатына жіберген. Сорақысы сол, ауру малдың сүтін ішіп, етін жеген ауылдықтар да жаппай бруцеллезге шалдығып жатыр. Қазір ветеринарлар ауылда қалған малдан әр 15-20 күн сайын қан алып тексеріп тұрады екен. Дерт анықталса, оны бірден бауыздауға жібереді. Үш ай сайын осындай сынамалар ауыл тұрғындарынан да алынады. Тұрғындардың айтуынша, ауылда бруцеллез дертінің таралуына жергілікті кәсіпкер кінәлі. Оның сырттан әкелген 200 сиырының 140 -нан осы дерттің қоздырғышы анықталыпты. Қазір оның малы түгел карантинде тұр. Ауру малды кәсіпкер еш құжатсыз өзге ауылдардан сатып алған екен. Қазір облыстық ветеринария басқармасы осы ауылдан шығатын мал өнімдеріне толығымен шектеу қою туралы ұсыныс жасапты.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҮСТЕМЕ ТӨЛЕНБЕЙДІ

Жоғарғы соттың шешімімен «СНПС Ақтөбемұнайгаз» АҚ жұмысшыларына 50 пайыздық экологиялық үстемені төлемейтін болды. Осылайша, 2016 жылдан бері созылып келе жатқан дауға нүкте қойылды.

Бұған дейін ақтөбелік мұнайшылардың еңбекақыларына Аралдың экологиялық қауіпті аймағында тұрғаны үшін 50 пайыздық қосымша төленіп келген. Қосымша қаржы олардың өзге өңірлерде жұмыс істегеніне қарамастан, беріліп

келген. Бірақ, заңға өзгеріс енгізіліп, қосымша ақы экологиялық аймақта тұрып, тек сол жерде жұмыс істегендерге ғана төленетін болды. Ал өзге өңірлерден келіп жұмыс істейтіндердің жалақысына 20 пайыздық қосымша қосылады. 30 пайыздық үстемеден қағылған 300-ге жуық жұмысшы сот табалдырығын тоздырған еді. Айта кетерлігі, жұмысшылар бұған дейін Ақтөбенің қалалық және аудандық соттарында жеңіп шыққан-ды. Алайда Жоғарғы сот жұмысшылардың талап арызын қанағаттандырмады.

БОСАНАТЫН ӘЙЕЛДЕР ӨЛІМІ ЖИІЛЕП КЕТТІ

Жыл басынан бері елімізде 31 әйел босану үстінде көз жұмған. Оның төртеуі Астанада тіркеліп отыр. Соңғы айда жиілеп кеткен ана өліміне қатысты премьер-министрге Елжан Біртанов пен Әсет Исекешов жауап берді.

Министр маман тапшылығына шағымданды. Қазіргі таңда 8 облыста босану орталықтарына жауапты басқарма басшысының орны бос тұр. Елде күнделікті 400 нәресте дүниеге келеді. Ал оларды босандыратын 340 акушергинеколог жетіспейді. Қала әкімі болса, Изральден тәжірибелі мамандар шақырып, астаналық дәрігерлерді оқытамыз дейді. Елжан Біртановтың айтуынша қазіргі күнде қажетті зерттеу жұмыстары өткізілуде. Министр жас аналарға денсаулығын күтуге кеңес берді. Қаза болған 4 әйелдің бірі жүкті кезде шылым шеккен деп отыр. Министрдің айтуынша, жүкті әйелдердің



70 пайызының ғана дені сау. Қалғаны есепке кеш тұрады. Немесе, денсаулыққа қауіпті болғанымен, босануға бел буатындар көрінеді. Бүгінгі медицина дамыған заманда әйелдерді дұрыс босандыра алмау – аянышты жағдай. Шетелден мамандар шақырмай-ақ, ғасырлар бойы келіндерін өздері босандырған әжелерімізге қайран қаласыз. Қазіргі дәрігерлер табиғи тудырудың орнына пышағын қайрап кесіп алуды әдетке айналдырған. Бұл біздегі акушер мамандардың біліктілігі тым төмен екенін көрсетпей ме?..

ҚР Жоғарғы Сотында сот төрелігін жүзеге асырудың 2018 жылғы бірінші жартыжылдықтағы жұмыс қорытындысы бойынша республика судьяларының кеңейтілген кеңесі өтті. Іс-шараға Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары Әлия Рақышева, Президент Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық бөлімінің меңгерушісі Данияр Вагапов, Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы Талғат Донақов, Парламент Сенаты комитетінің төрағасы Георгий Ким, Бас прокурордың орынбасары Марат Ахметжанов қатысты. Алдымен айта кетелік, Жақып Асановтың бұл қызметке келгеніне небары жеті ай болды. Осының алдында ҚР Бас прокуроры болып тұрғанда сала жұмысын жаңаша құрып, көзге түскені белгілі. Өз қатарларын сенімсіз, біліктілігі төмен мамандардан тазартып, құқық қорғау қызметіндегі ашықтықты алға қойғаны есімізде. Қалың көпшілік Асановтың бұл бастамасын қызу қолдады. Осыған байланысты қатаң тәртіпті қаламағандар оған қоқан-лоққы да көрсеткен кездері болды. Бірақ, Бас прокурор алған бетінен қайтқан жоқ.

Нақаттан-нақат сотталған адам екі жыл өмірін қамауда өткізген. Ол үшін кім жауап беруге тиісті?..

Жақып Асанов өз баяндамасында сот жүйесінде орын алып отырған кемшіліктер туралы бірқатар нақты мысалдар келтіріп, оған жол берген судьяларды сынға алды. Мысалы, шетке мұнай өнімдерін шығаратын кәсіпорынды тексерген мемлекеттік кіріс органдары оларға 728 млн. теңге салық салған, оған айыппұлды қосқанда 900 миллионнан асып кеткен. Алғашқы сотта кәсіпорынның дұрыс жұмыс істеп, барлық

әйелдің созылмалы сырқаты да ұмытылып кеткен. Ия, заң бойынша дұрыс шешім болуы мүмкін. Бірақ бұл жерде адами факторларды да ұмытпағанымыз жөн. Бұл сияқты мысалдарды шексіз келтіре беруге болатынын айтып, жүйе жұмысын барынша түзету қажеттігін баса ескертіп, бұдан былай ол нақты жүзеге асырылатынын анық аңғартты Ж.Асанов.

Шынында, әділетсіз судьялардың әрекетінен жапа шеккендердің саны тым көп. Біздің сотқа шетелдік инвесторлар да сенбейді екен.

сында биліктікі қашан да дұрыс деген «қағида» қалыптасып калған. Асанов бұндай теріс көкарастан арылу керектігін айтып, заң алдында бәріміз бірдей екенімізді тағы да ескертті.

Сот саласының жарты жылдық жұмысын қорытындылаған Асанов әдеттегідей сот жүйесіндегі басшыларға емес, қатардағы қызметкерлерге сөз берді. Сотта өздерін сұсты ұстайтын судьялардың да жүрегі жұмсарғандай болды. Қатардағы қазылардың сөзіне қарасақ психологиялық кітаптар оқып, мейрімділікке бет бұрған секілді. Шабыттанған судьялар ұлы ойшылдардың дана сөздерін жатқа айта бастады. Бірақ, Асановты әдемі сөзбен алдай салу оңай емес. Қаралатын істің шамадан тыс көп екеніне шағымданған судьяларға түсіністікпен қараған төраға бұл мәселені алдағы уақытта шешуге тырысатынын білдірді. Бұл бағытта да айтылған ұсыныстар мен пікірлер болды. Мәселен, Асановтың кеңесшісі билер сотын қайта құру қажет дейді. Әр аудан, ауылда құрметті, жұрт сөзіне құлақ асатын ақсақалдар бар. Дауласып қалғандар бірден сотқа жүгірмес үшін елге абыройлы азаматтар ақ-қарасын ажыратып берсін деді Сағатбек Сүлеймен. Сонда судьялардың да жүгі жеңілдейді екен. Бұл да құлақ түруге тұрарлық ұсыныс. Кеңесте татуластырушы судья Актоты Әбдіқұлова сөз сөйледі. Бұл институт серпінді жоба ретінде елордадағы Сарыарқа аудандық сотында құрылған. Жобаның негізгі мақсатын айтар болсақ, сотқа түсетін барлық істер алдымен татуластырушы судьяның қарауына беріледі. Оның басты міндеті – тараптарды татуластыру. Егер бұған қол жеткізу мүмкін болмай қалса, іс басқа судьяға беріледі. Осы жоба басталған үш айдың ішінде 152 іс бойынша дауласқан қарсы тараптар татуласқан. Бұл судьяға жүгінгендердің 52 пайызы екен. Демек, осы бастамадан нақты нәтиже күтуге болады деген сөз. Аталмыш тәжірибені өзге де өңірлерге таратса артықшылық етпейді.

Ж. Асанов іс-шараны қорытындылау барысында сот жүйесін жаңғырту бағытындағы жұмыстарды атай келе, сот төрелігінің сапасын арттыру мақсатында судьялардың алдына бірқатар міндеттер қойды. Жоғарғы Сот Төрағасы барлық судьялар мен қоғам өкілдерін соттар қызметін одан әрі жақсарту жұмысына белсенді қатысуға шақырды.

Сонымен бұл кеңейтілген отырыстан не түйіндеуге болады? Алдымен сот саласына өзгелер тәлім алардай жаңа бір екпін келгендей. Бірақ оған басқа сала басшылары назар аударма қоя ма екен? Жұмыстағы ашықтық, халық сенімінен шығу Асановқа қана керек пе? Олай болса ертең Асановты ішкі істер, бүрсігүні қаржы министрі, одан кейін Ұлттық банк төрағасы етіп тағайындайық. Сөйтіп, кезек-кезек басқа да салаларға тәртіп орнатайық. Сонда миллиондаған жалақы алатын өзге сала басшылары мен аймақ әкімдері не бітіріп отыр? Олардың ұйқыдан оянып, халыққа шынайы, адал қызмет ететін күндерін қашан көреді екенбіз?..

СУДЬЯЛАР КІМНІҢ СОЙЫЛЫН СОҒЫП ЖҮР?

ЖАҚЫП АСАНОВ СОТ ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕ КІРУ КЕРЕКТІГІН ТАЛАП ЕТТІ

Жоғарғы сот төрағасы ретінде де соттың халық сеніміне кіру керектігін бірінші кезекке қойып, судьялардан әрбір істе әділ шешім шығаруын қатаң түрде талап ете бастады. Өйткені, біздегі сот жүйесі шын мәнінде білгенін істеп, жүгенсіз кеткенді. Оны ашық айтуымыз керек, көпшілік тарапынан әділеттілікті аттаған судьялардың үстінен жоғары жаққа арыздар қарша борағаны соған нақты дәлел. Солақай шешім шығарғаны үшін пара алып ұсталған судьялар енді өздері жауапкершілікке тартылып жатыр. Мысалы, ОҚО Мақтаарал аудандық сотының судьясы А.Ниязбеков пара алғаны үшін 4 жыл 6 айға, Қаратау аудандық сотының бұрынғы судьясы Е.Шаланов 7 жылға бас бостандығынан айырылды. Сол сияқты, жақында ғана Тараз қаласында тағы да екі судья пара алу үстінде ұсталып, қылмыстық іс қозғалды. Мындай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Жақып Асанов бұл жолғы алқалы отырыста да қолшоқпарға айналған судьялардың атын атап тұрып қатаң сынға алды. Судьялар кімдердің сойылын соғып жүр? Жоғарғы сот төрағасы рейдерлікпен айналысатындар біздің судьяларды біреудің дайын бизнесін тартып алу үшін пайдаланып жүргенін ашық айтты. Біздегі ешкімге тәуелсіз есептелетін судьялар кімдерге тәуелді болып отыр? Қарапайым халық құлқынның құлына айналып кеткен судьяларға деген сенімін біржолата жоғалтқан. Бір ерекшелігі, аудандық сот дұрыс шешім шығарса, қалалық сот кері ұйғарым жасаған немесе керісінше көріністер жиі кайталаынады. Аяғында мындаған іс Жоғарғы сотқа жетіп, барлығын қайтадан қарауға тура келеді. Демек, жергілікті судьялардың шалалығынан бір істі екі-үш рет қарауға тура келеді екен.

Жазықсыз жандарға қатаң үкім кесіп, талайдың тағдырына балта шапқан судьялардың атын атаған Асанов Алматы мен Ақмола облыстарындағы рейдерлік жолмен біреудің кәсібін тартып алып беріп жүрген билердің былығын бетіне басты. Кәсіпкерлікпен айналысып жатқан компанияны болар-болмас қарызы үшін банкротқа түсті деп шешім шығарған. Қарамағындағы мүлікті жүз есе төмен бағалап сатуға мәжбүрлеген. Ал, шын мәнінде оның активі бағалаудан жүз есе артық болған. Сөйтіп, кәсіпорынның бүкіл мүлкін тартып алмақшы болғандардың жетегінде кеткен судьялардың шешімін Жоғарғы сот жоққа шығарған. «Ашықтан-ашық рейдерлікпен айналысып жүр. Алматы қаласы мен Ақмола облысы сотының төрағалары Әбдіханов пен Әміров мұны көрмей қалдыңыздар ма? Әрбір іс сіздер арқылы өтеді. Қылмыскерлер сіздерді біреудің кәсібін тартып алу үшін пайдаланып отыр» – деді Асанов бұл өрескел жағдайға байланысты. Ал Жамбыл облысында аудандық судья жергілікті тұрғынды өмір бойы біреудің малын бағу құқығынан айырыпты. Бұл мемлекеттік қызмет емес, адамды қарапайым ғана күнкөріс мүмкіндігінен айыру деген сөз. Сонда ол адам жұмыс істемесе алдағы уақытта ұрлық жасап, кісі тонаумен айналысуы керек пе? Міне, солақай шешім адамдарды қайда итермелейді. Маңғыстау облысында «есірткі сатты» деген жалған жаламен күдіктіні 10 жылға соттап жібергені анықталған. Полиция күдіктіні ұстағанда оның сөмкесінде ешқандай есірткі болмаған. Полиция бөлімшесіне келіп сөмкені ашқанда, есірткі ғайыптан пайда болған. Қолдан жасалған жаланың ақ-қарасын сот анықтап жатпай, бірден қатал үкім шығарған. Бұл шешім де Жоғарғы сотта қаралып түзетілді.



салықтар төленгенін, оны кедендік орындар да растап отырғанын айтып шешім шығарған. Бірақ, апелляциялық сотта судьялар Абдрахманова, Құрбановалар мұнайдың экспортталғаны дәлелсіз деп шешім шығарып кәсіпорынды жығып берген. Осы арқылы олар еліміздің экономикасына қыруар шығын келтіріп қана қоймай, шетелдік инвесторларды да теріс қаратуға мәжбүр еткен. Тағы бір мысал, «Қазақстан темір жолына» вагондарға қызмет көрсететін нысан салуға келісім шарт жасасып, көптеген жылдар түк бітірмеген кәсіпорынның сотта қалай жеңіске жеткеніне таңғалуға болады. Келісім шартты түрлі сылтаулармен 8 рет ұзартқан. Құны 4,5 млрд. тұратын жұмыстың жартысын да атқармаған. Тоғызыншы ретте ҚТЖ келісім шартты ұзартуға қарсы болады. Астаналық экономикалық сот ҚТЖ-ны қолдап шешім шығарса, ал, апелляциялық соттың судьялары Айтжанова, Таукеева, Мәкебаева керісінше қаржыны босқа ұстаған кәсіпорынды жақтап, тоғызыншы рет келісім-шарт жасауға ұйғарым береді. Асановтың айтуынша біздің кейбір заңдарымызды әлі де жетілдіру керек. Ол туралы ұсыныстыр жасалатын болады. Кейде тек қана қатып қалған заңға сүйенбей адамгершілік пен жүрекке де сөз беру керек. Мысалы, Алматыда 20 жылдан аса бірге тұрып күйеуі қайтыс болған ауру, жесір әйел судьялардың шешімімен далада қалған. Үйді үйленбей тұрып отағасы сатып алғандықтан, сондай шешім шығарған. 20 жылда ол үй толықтай қайта жасалғаны есепке алынбаған. Оған қоса

Өйткені, экономикалық дауды дұрыс шешпей, өздерін шығынға ұшыратқан кездер жиі ұшырасады. Ал қарапайым азаматтардың соттан тіпті көңілі қалған. Ол туралы прокурорлар да судьялардың қателерін түзеуден шаршағандарын айтады. «Жоғарғы сотта Бас прокурордың наразылығымен 700-ден астам соттың үкімдері өзгертіліп отыр. Оның ішінде 12 ақтау үкімі бар. 200-ден астам адамдардың ісі бойынша мән-жайын жеңілдететін үкімдер бар» – деді. ҚР Бас прокурорының орынбасары Марат Ахметжанов осы отырыста. Дұрыс айтылған ескерту. Асановтың айтуынша, қазір судьяларды конкурстық негізде іріктеу басталған екен. Бірінші іріктеуде 80 үміткердің үшеуі ғана талаптарға сай болып шығыпты. Бұл да көп нәрсені аңғартса керек...

Отырыста тағы бір орынды мәселе көтерілді. Ол – жергілікті билік өкілдері мен мемлекеттік органдардың сотқа барынша ықпал етуге тырысатыны жайында болды. Тәжірибеге сүйенетін болсақ, шын мәнінде мемлекеттік органдар мен жеке тұлға арасындағы дау басым жағдайда, әділетсіздікпен біріншісінің пайдасына шешіліп жатады. Әкімдіктер әлі де өздерін сотқа әмірі жүретін, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болатын құдірет иесі санайды. Біздегі тәуелсіз судьялар амал жоқ олардың ығына жиі жығылады. Өйткені, ертенгі күн билік оны жұмысыз қалдыруы ықтимал. Бір ғажыбы, биліктегілер өздерінің іс-әрекеті заңсыз екенін, жеңілетінін біле тұра Жоғарғы сотқа дейін барады. Сөйтіп, мемлекеттің ақшасын босқа шашады. Олардың сана-

СУБСИДИАРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК НАРЫҚ ҚАҒИДАТЫНА ҚАЙШЫ КЕЛЕДІ

«Ақ жол» партиясында Бас прокуратура мен Қаржы министрлігінің қатысуымен бірқатар мәселелер талқыланды. «Салық органдарының субсидиарлық жауапкершілікке деген көзқарасы нарық қағидатына қайшы келеді және Қазақстанға келген шетелдік инвесторларды үркітіп жібереді» деп мәлімдеді партия жетекшісі Азат Перуашев осы отырыста.

«Ақ жол» фракциясының ЖШС құрылтайшыларына субсидиарлық жауапкершілікті енгізудің негізсіздігі туралы депутаттық сауалдар топтамасынан кейін өткен сәрсенбіде фракцияның отырысына Бас прокуратура және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілдері келіп қатысты.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың 16-мамырында «Ақ жол» фракциясы ЖШС-дан қарыздарды өндіріп алу төңірегіндегі әділетсіз жағдайға үкіметтің назарын аударған еді. ЖШС туралы Заңға сәйкес, олардың қатысушылары шығын тәуекелін тек өздері енгізген салымдардың шегінде ғана өтейді. Алайда, «Банкроттық және оңалту туралы» заңның нормаларына сәйкес кәсіпорындардың қарыздарын ЖШС-ның құрылтайшыларынан өндіріп алуға болады. Бұдан басқа, 2015 жылы Үкімет бекіткен ЖШС-ның типтік жарғысынан құрылтайшылар кәсіпорынның қарызына жауап бермейді деген норма «байқатпай» алынып тасталды. «Ақ жол» фракциясы ЖШС-ның типтік жарғысына кәсіпорындардың берешегі үшін құрылтайшылардың жауапкершілігі жоқтығы туралы норманы қайтаруын және адал кәсіпкерлердің ізіне түсуді доғаруын талап еткен-ді.

Премьер-министрдің 8-маусымда берген жауабында Үкімет «Ақ жол» фракциясының талаптарын қанағаттандырудан бас тартты.

Осыған орай, 20-маусымдағы екінші мәрте жолдаған сауалында «акжолдықтар» берілген



жауаптың мағынасыздығы мен субсидиарлық жауапкершілік туралы нормалардың нарыққа қарама-қарсы сипатын көрсетті. Бұл жағдайдың мәнісін «Время» газеті анықтап білуге тырысты – 26-маусымда «Бизнесу надо помогать, а не обдирать» деген тақырыпта Азат Перуашевтың берген сұхбаты жарияланды (<http://www.time.kz/articles/ugol/2018/06/25/biznesu-nado-pomogat-a-ne-obdirat>). Дәл сол күні Үкімет отырысында Премьер-министр депутаттардың ұсынысы бойынша төлем қабілетсіздігіне ұшырағанға дейін алты ай бұрын банкрот деп жариялау туралы сотқа арыз бермеген құрылтайшыларға деген субсидиарлық жауапкершілік туралы талапты жоюға дайын екенін мәлімдеді (<https://tengrinews.kz/money/medlennyih-menedjerov-predlagayut-nakazyivat-bankrotstvo-347467/>).

4-шілдеде өткен фракцияның отырысында ҚР Бас прокуратурасының Қоғамдық мүдделерді қорғау қызметінің басшысы Азамат Дүйсембеков «Ақ жол» депутаттарының төлем қабілетсіздігіне тап болғанға дейін 6 ай ішінде банкроттық рәсіміне бастамашылық етпегендіктен субсидиарлық жауапкершілікке тартылғандардың 85%-ы – негізсіз деген дәлелімен келісті. Сондай-ақ, ол ЖШС құрылтайшыларын жауапкершілікке тарту туралы

орын алған жағдайлардан өзінің беймәлім екенін де хабарлады. Алайда, Қарағанды, Көкшетау, Петропавл, Қостанай және Ақтау қалаларындағы «Ақ жол» өкілдері бейнеконференция режимінде мұндай жағдайларда құрылтайшылардың мүлкі тәркіленгенін айтып, өздеріне мәлім 40-тан астам оқиға жөнінде баяндады.

ҚМ Мемлекеттік кірістер департаменті төрағасының орынбасары міндетін атқарушы Қайрат Жүлімұхаметов бұл қайшылықтарға қатысты «Талап-арыздарды салық органдары емес, банкроттық басқарушылар береді» деп түсіндірді.

Кәсіпкерлер мұндай үрдістің барын растады, бірақ құрылтайшылардың жеке басының кінәсі жоқтығына қарамастан, банкроттық жағдайын қоса алғанда барлық жағдайларда жеке мүлікке деген талап-арыздар берілгенін баса айтып өтті. Яғни, іс жүзінде бұл ереже кәсіпкерлердің заңды құқықтарын толықтай бұзуға әкеліп соқты.

Оның үстіне, «Ақ жол» ҚДП Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Ермек Әбілдин Мемлекеттік кірістер департаментінің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтайшыларына субсидиарлық жауапкершілікті енгізу туралы талап-арызын көрсетті, бұл салық органдарының жанама ғана емес тікелей бизнеске қысым жасайтынын ашық түрде растайды. Оның

айтуынша, мұндай мысалдар көптеп кездеседі.

«Қарағанды облысы бойынша 2 жағдай анықталды. Ал, егер осындай проблемалар болса, оларды бізге қарастыру үшін жолдауларыңызды сұраймыз», – деп жауап берді Бас прокуратураның өкілі.

Қаржы министрлігінің МКД өкілдері төлем қабілетсіздігіне ұшырағанға дейін 6 ай ішінде банкроттықты жария етпеу сияқты субсидиарлық жауапкершілікке тартуға негіздемені алып тастау жоспарланып отыр деп хабарлады. ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев «Ақ жол» фракциясы жолдаған депутаттық сауалдың нәтижесінде бұл туралы мәлімдеген болатын.

Алайда, Азат Перуашев бұл ымыраға келу тұтастай алғанда мәселені жоя алмайтынын атап өтті: «Егер сіз құрылтайшылардың мүлкін – алты айдың ішінде ме, жоқ әлде онсыз ба – маңызды емес, тартып алу мүмкіндігін қалдырсаңыз, – онда мұндай фактілер әрі қарай жалғаса бермек. ЖШС мен АО-ға деген субсидиарлық жауапкершілікті түбегейлі алып тастау керек! «Ақ жол» фракциясы ЖШС-ның типтік жарғысына кәсіпорынның міндеттемелері бойынша құрылтайшылардың жауапкершілігі болмайтыны туралы тұжырымдаманы қайтаруын талап етеді», – деп ол өз сөзін толықтыра кетті.

Демократиялық фракцияның көшбасшысы салықшылар ұстанған амал-тәсілдердің абсурдтығына және оның Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына қауіп төндіретініне назар аударды: «Құрылтайшылар тек ЖШС-да ғана емес, сондай-ақ АҚ-да да бар және қор нарығы деген бар. Акционер акцияларды сатып алып, иелерінің біріне айналды. Енді, компанияның қарызын оған төлеткізу қажет пе? Артықшылық берілген акциялар деген болады – бұл дегеніміз, бекітілген табысы бар акционер басқаруға қатыспайды, компания оның алдында мүлдем есеп бермейді – ол, тіпті, ол жерде не болып жатқанынан де бейхабар болады. Ал, сіз оның мүлкін тәркілеуді талап етесіз?»

Сіз мұндай жолмен бағалы қағаздар нарығының негізгі қағидаттарын жоққылатыныңызды түсінесіз бе? Осындай «новелламен» Қазақстанды күлкілі жағдайда қалдырасыздар: бір жағынан Астана халықаралық қаржы орталығын іске қосамыз, инвесторларды шақырамыз – ал, екінші жағынан – акцияны сатып алғандар енді сол компанияның келешектегі қарыздары үшін жауап беруге міндетті.

Лондонда, Дубайда немесе Шанхайда тұратын акционерлерден мүлкті қалайша өндіріп алмақшысыздар? Мұны қалай көз алдарыңызға елестетесіздер? Қазақстанға бәрі күліп қарайтын болады және сіздер Ұлыбританияда да, Қытайда да ешкімнен ештеңе өндірте алмайсыз. Өйткені, бұл тәсіл қор нарығының табиғатына тіптен қайшы келеді. Есесіне, біздің елге келіп жұмыс істейміз деген инвесторларды шошытып, қорқытып жібересіздер».

Азат Перуашев салық органдарының сабасына түсуін сурап, ЖШС мен жария (ашық) Акционерлік қоғамға деген субсидиарлық жауапкершіліктен бас тартуға шақырды.

«Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясы нарықтық экономиканы ілгерілету және кәсіпкерлердің мүддесін қорғау бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА АРНАЛҒАН ПӘНДІ ЕНГІЗУ ҰСЫНЫЛДЫ

Парламент Мәжілісінің депутаттары Ерлан Барлыбаев және Берік Дүйсембинов аймақтарға жұмыс сапары аясында сайлаушылармен кездесіп, халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысты.

«Ақ жол» партиясының халық қалаушылары Семей қаласында орналасқан «Селикат» зауыт басшыларымен кездесіп, өндіріс ошағының жұмысын көріп, зауыт басшылары кәсіпорынға қатысты мәселелермен ой бөлісті.

Келесі кездесуде Семей қалалық кітапханасында зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында атқарылатын істер талқыланды. Б.Дүйсембинов Елбасының

ұсынысымен қабылданған бұл бағдарламаның Абай елінде Алаш орданың астанасы болған Семей шаһарында қарқынды жүруі қажет екендігін айтты.

Е.Барлыбаев өзінің аталарының Алаш қозғалысына қатысып, 1937 жылдары репрессия құрбаны болғандығын әңгімелейді. Семейліктер атом сынақ палигонына қатысты заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қажеттілігін, Ұлы Абайдың 175 жылдық тойына қатысты Үкімет қаулысының қабылдануын, мектептерде Алаш қозғалысына қатысты арнайы пәннің өтуі туралы ұсыныстарын білдірді.

«Ақ жол» партиясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы

АУЫЛДЫҢ ЖАЙЫН КІМ ОЙЛАЙДЫ?

«Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясының депутаты Берік Дүйсембинов Біржан сал ауданының Макинқа ауылындағы орта мектепте жергілікті тұрғындармен кездесті. Басқосу барысында ауылдағы түйткілді мәселелер күн тәртібіне қойылды.

Аудан әкімі Ермек Нұғыманов өңірдегі жергілікті билікпен қолға алынған шаралар жайлы хабарлама жасады. Ауылды көтеру – елдің қамын ойлау, болашақ ұрпаққа жанашырлық таныту екенін жеткізді.

Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Дүйсембинов өзінің жергілікті жерге жұмыс сапарының мақсатын түсіндірді. Бұл ауылға барып қайттым дейтін науқаншылық сапар емес, елдегі жағдайды өз көзімен көру деп атап көрсетті ол.

Осылай тұрғындармен емен-жарқын әңгіме өрбіді. Қойылған сауалдарға толымды жауаптар қайтарды. Елбасының бес әлеуметтік бастамасы да әңгіме өзегіне айналды. Депутат еліміздегі ұлттық идеология жөнінде де ой тарқатты.

Ауылдықтар жолдың нашарлығын, жастардың жұмыс жоктықтан қалаға кетіп жатқанын айтып, араша сұрағандай болды. Бір өкініштісі, бұл кез-келген ауылдың басты мәселесі. Сондықтан, халық қалаушысы рухани жаңғыру аясында әр азамат өз ауылын көтеруге атсалысуы қажет екенін атап өтті. Бұл туған жерге деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі.

Ал, жергілікті шаруа Манарбек Қазыбаев өсірген астығын сату аса қиын мәселе екенін жеткізді. Үкімет бұған назар аударуы қажет деді ол. Әйтпесе, ауылдағы шаруалардың өндірісі құлдырап, жағада қалған қайықтың кебін киюі ғажап емес. Мұғалімдер жалақысы да ауызға алынып, осының бәрі депутаттың назарына ұсынылды. Өз кезегінде Берік Дүйсембинов елдің жайын қашан да көкейде ұстайтынын, бұған атқарушы биліктің көңіл бөлуі үшін белсене үлес қосатынын тілге тиек етті.

«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі

Қарызды қайтару – парыз. Бұл қасиетті құран сөзі. Адами және заңдық тұрғыдан алсақ та борыштан дер кезінде арылған жөн. Қайтарылмаған қарыз бақылыққа барғанда да әрбір адамның алдынан шығатыны айтылады, ол өзінше жеке әңгіме. Ал мына жалған дүниеде де ол мойынға тағылған қыл арқанмен бірдей екенін көріп жүрміз. Несие, салық, айыппұл, коммуналдық және біздегі толып жатқан басқа да төлемдерді өтеуге шамасы жетпеген миллиондаған тұрғындарымыздың өмірі тозаққа айналғаны анық...

Мемлекеттің шетелге берешегін айтпаған күннің өзінде, тұрғындарымызды түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырып, тығырыққа тіреген қарыздың түр-түрі өте көп, ол жағынан кемістік көріп жатқан жоқпыз. Былай алып қарасақ, біз күнделікті тіршілігімізде қадам басқан сайын қарыз қамытына мойынымызды сұға түседі екенбіз. Енді санап көрелік, су ішпей, электр жарығын, газды, отынды пайдаланбай, қоғамдық көлікке отырмай, киінбей, тамақтанбай қалай өмір сүруге болады? Кейбіреулер сияқты шетелден әулім сарайлар сатып алып, курортты теңіз жағасында арқамызды күнге қақтап, қыздырынып жатуды армандамай-ақ, бұның бәрі күнделікті қарапайым тіршілікке бірінші кезектегі қажеттілік. Соның бәріне қаражат керек. Бүгінгі күні әжетханалардың өзі ақылы. Біз қазір тек қана ауа жұтқанымыз үшін ғана ақша төлемейді екенбіз. Соған қарағанда біздің үкіметтегілердің атақты фантаз жазушы Александр Беляевтың «Ауа саудагері» романын оқуға қолдары тимей жатқан сияқты. Оқымай-ақ қойсын, әйтпесе романдағы қиялды шындыққа айналдырып, ауа салығын да енгізіп жіберуі әбден мүмкін.

Салық – мемлекеттің тірегі, оған қарсы ешкімнің айтар дауы жоқ. Салықтан түскен халықтың қаражаты қорғаныс қабілетімізді нығайтып, экономикамызды дамытуға, тұрғындарымыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға жұмсалуға міндетті. Сол себепті, салық саясаты керек, оны көпшілік қолдайды да. Мәселе – оның көлемі мен қалай жұмсалыуында болып отыр. Біріншіден, жер мен мүлікке, толып жатқан айыппұлдар, табыстан түскен пайдаға салынатын салық мөлшері бізде тым жоғары. Екіншіден, ең бастысы – мемлекеттің қуатын арттыруға салықтан жиналған сол қаржы өз мақсатында жұмсалмай, түрлі бағдарламаларға бағытталғанмен жолай талан-таражға түсіп, жемқорлардың жемсауында кетіп жатқаны да жасырын емес. Қолында сөл ғана билігі бар лауазым иесі жұмыртқадан жүн қырып қалуға тырысады. Ондайлар мемлекеттік қызметке халықтың қамы үшін емес, қалтасын қалындату мақсатында барады. Сондықтан да біздегі тойымсыздар топ-тобымен түрмеге камалуда. Оған мысал келтірмесек те өздеріңіз жақсы білесіздер. Ақпарат құралдарында күнделікті беріліп жатқан жаңалықтардан естіп, көріп жатырсыздар.

Жақында Астана қаласының мемлекеттік кірістер департаментінің баспасөз қызметі мынадай жаңалық таратты. Салықты уақтылы төлемегені үшін әрбір оныншы қазақстандық ел аумағынан шыға алмай қалуы мүмкін екен. Бұл тек қана салыққа байланысты борышкерлер. Несие, айыппұл, алимент сияқты өзге төлемдерді түгендесек кем дегенде әрбір үш қазақстандықтың екеуінің мойнына қарыз қамыты киілгенін аңғаруға болады.

Департамент өкілдерінің айтуынша, толық емес деректер

бойынша елордада салық пен айыппұлды төлемей жүрген 70 мыңға тарта азамат бар екен. «Астана қаласы Сарыарқа ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы қазірдің өзінде бір мыңға тарта салық төлеушілерге қатысты тыйым салу шарасы қолданылып, бұл жағдай белгіленген уақытта ел аумағынан ұшып шығуларын тоқтатуға әкеп соқтырды», – делінген хабарламада. Салық қызметі шетелге сапар алдында ынғайсыз көрініс, жайсыз жағдай болмас үшін азаматтар өзінің барлық

қарапайым халықты жазғыруға болмас. Өйткені, жұрт қатарлы өмір сүргісі келіп, өзгелерден қалмайын деп намысқа басады. Содан барып қарыз қамытын қиеді. «Несиесі жоқ қазақ – қазақ емес» деген әжуа мәтелдің түп төркіні де осында жатқан болар. Ол да босқа айтылмаған, кейбір деректер бойынша борышкерлердің басым бөлігі, 90 пайыздан астамы қазақтар екен. Шама-шарқына қарамай несие алғыш деп қазаққа қара күйе жағудың қажеті жоқ. Бұл әлем бойынша кең таралған тәжірибе. Несие арқылы тұрмыстық жағдайларын түзеп жатқан шетелдіктер аз емес. Бірақ шетелдік банктер мен біздің қаржы ұйымдарының ұстанған бағыты мен жұмысын тіпті де салыстыруға келмейді. Олардың қаржылық саясатында халқын көпе-көрнеу тонайтын ашқарақтық жоқ. Біздің банктер алып-сатар

Әлемдегі өзге елдердің банк қызметіне бір сәт көз жүгіртіп көрелікші. Мысалы, ипотекалық несиені жылдық пайыздық мөлшерлемесі Жапонияда – 1,68, Швейцарияда – 1,75, Финляндияда – 1,83, Германияда – 1,90, Люксембургте – 2,00 пайыз көлемінде екен. Байлы-бақуатты, төлеу мүмкіншілігі жоғары халқы бар елдердің өзі біздің «жетістікке» жақындай алмайды. Ал, Қазақстан халқы миллионерлерге ұқсап, осы уақытқа дейін жылдар бойы 20-30 пайызбен, айыппұлды қосқанда ақшаны екі есе қайтарып келді. Тіпті дәулетімен мақтана алмайтын Кипр, Хорватия сияқты ергежейлі елдердің өзінде банктік мөлшерлеме 4 пайыздан аспайды. Ал, Ислам банктері несиені ешқандай үстеме мөлшерлемесіз береді.

дыларының бірі тұрғындарымызды тұрақты жұмыспен қамту болып табылады. Тұрақты жұмысы, жоғары жалақысы бар адам ешқашан қарызға кірмесі бе-сенеден белгілі. Бұл бағытта өткен ширек ғасырда сансыз бағдарламалар қабылданып, қыруар қаржы бөлінді. Өкінішке орай, сол жоспарлардың бірде-біреуі соңына дейін толық орындалған жоқ. Біздегі берілетін ресми мәліметтерге сенсек халқымыз түгелдей баяғыда жұмыспен қамтылған болар еді. Аймақтар мен кәсіпорындардың берген ақпараттарында сан мыңдаған адамдар жылдар бойы жұмыспен «қамтылып» жатады. Бірақ жұмыссыздар саны азаймайды. Демек жоғарыға жалған ақпарат беру қалыптасқан.

Өндіріс – экономиканың өзегі екенін бәріміз білеміз. Бір ғана сауда-саттықпен ешқандай ел дамымайды. Импорттық тауарларды әкеліп өткізу шетел экономикасына жұмыс істеп жатырмыз деген сөз. Біздегі өндіріс атаулы баяу дамуда. Сонау атышулы жекешелендіруден бері ширек ғасыр өтсе де, осы істі қажет деңгейге жылжыта алмай қойдық. Алып зауыт-фабрикаларды меншігіне алып, өндірісті өркендетеміз деген пысықайлар түк бітіре алмады. Ғимараттарды сауда орындарына айналдырып, әрбір шаршы метрін жалға беріп, жатып алып ақша табатын орын жасап алды. Өндіріс орнын сақтап, жұмысшыларға жұмыс, лайықты жалақы тауып беруге олардың ой-өрісі мен күші жетпегенін көріп отырмыз. Тіпті, ондай ниет оларда болған да емес. Экономика саласын жіліктеп бөліп алғандар ашық өндірістік бәсекенің орнына өзгелерді аяқтан шалуды ғана біледі. Жаңадан кәсіпорын ашыла қалса тексерулер қаптап кетеді. Одан кейін қайдағы даму, қайдағы жаңа жұмыс орындарын ашу туралы сөз болмақ.

Қарапайым халықтың сатып алу мүмкіндігіне қуат көздерінің негізсіз қымбаттауы да тікелей әсер етеді. Электр қуаты мен жанармайдың соңынан барлық қызмет түрлері мен тауарлардың бағасы өсіп шыға келеді. Шикізат өзімізден бола тұра қымбатшылықты қолдан жасаймыз. Онымен күресуге тиісті Монополияға қарсы күрес комитетінің басшысы Мұрат Оспанов пара алып ұсталып, миллиардтаған айыппұл төлеп әзер құтылды. Электр қуатын қымбаттатуға негізсіз рұқсат бергені мыңдаған тұрғындардың қалтасын қақты. Бұдан кейін қарапайым халық қайтып қарызға кірмейді?

Қазақтың қарызға кіру себептерінің бірнешеуін ғана атадық. Санай берсек, оған саусағымыз жетпейді. Сондықтан, бұл бағытта әлі де көптеген нақты жұмыстар атқаруымызға тура келеді. Оған біз сенім артып отырған Үкіметіміз бен ел басқарған азаматтар тікелей жауапты. Реті келгенде айта кетелік, Хорватия құрамасының шабуылшысы Анте Ребич жалғыз өзі туған ауылында тұратын барлық тұрғындардың несиесін жауып берген. Аталған ауылда шамамен 500 адам тұрады екен. Қандай адамгершілік, қандай сауап! Ал, біздің байлар халықтан ұрлаған ақшасын шетелге жасырып әлек. Қазақтың мойнында қарызы болса, лаузымдылардың алдында одан құтқарудың парызы бар. Осыны ұмытпағандары жөн...

ҚАРЫЗ бен ПАРЫЗ

ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ БОРЫШ БҰҒАУЫНАН ҚАШАН БОСАЙДЫ?

қарызын қайта тексеріп, ҚР салық заңнамасының бұзылуына жол бермеуі керектігін ескертіпті. Салықты уақтылы төлемейтіндер арнайы мәліметтер базасындағы «қара тізімге» тіркелген.

Айтыңызшы, сізге қарыздар болып жүрген ұнай ма? Әрине, жоқ. Кімнің біреуге тәуелді болғысы келеді дейсіз. «Жаңалық» деп отырғанымызды да түсіндіре кетейік. Ойлап қараңызшы, салық, айыппұлы мен коммуналдық төлемдерін өтеуге шамасы келмеген адам шетелге қалай шықпақшы? «Байтал түгіл бас қайғы» демекші, шетелде олар не жоғалтыпты? Шетелге шығардай ақшасы болса есі дұрыс адам алдымен салық төлемі мен өзге де қарызынан құтылмай ма? Рас, салық пен төлемдерге салғырт қарайтын, қалтасынан тесік тиын шығарғысы келмейтін шығайбайлар да табылады. Олар біздегі борышкерлердің әрі кеткенде бір пайызына жуығын ғана құрауы мүмкін. Сондықтан салық саласы сабаздарының енгізген осы бір ережесі ерекше нәтиже беретін шара деп айту қиын. Бұл салық жинау жоспарын орындай алмағандардың «Суға кеткен тал қармайды» дегеннің кебі ғана. Борышкерлер санын азайту үшін мүлдем басқа, тың және қарапайым халық үшін тиімді жолдарды іздестіру керек. Ондай тиімді жолдар бар, ең бастысы соған деген таза ниет жетіспей жатыр...

Қарапайым халыққа тап болған қарыздың басым бөлігі несиеге қатысты екені белгілі. Банктерден несие алуға келгенде біздің тұрғындарымыз өте белсенді. Әрине оны ерікпенен алмайды. Пәтер жалдап жалыққан біреулер баспаналы болу үшін, енді біреулер көлік сатып алуға немесе тағы басқа мұқтаждықтан қарызға қаржы алады. Ол үшін



рөлін ғана ойнап отыр. Шетелден тауар әкеліп базарда сататын саудагерлерден кем түспейді. Саудагерлер түрлі салықтар төлеп пайда келтірсе, банктер орнында отырып алып есепсіз пайда табады. Әрине салымшылар мен алымшылардың есебінен.

Әділін айтсақ, біздегі зандастырылған бірінші алып-сатарлар дәп осы – банктер. Мысалы Халықаралық даму банкінен немесе өзге де шетелдік банктерден Үкімет кепілдігімен біз – 1, әрі кетсе 2 пайызбен қарыз алады екенбіз. Ал еліміздегі жеке және заңды тұлғаларға несие бергенде неге ол 15-20 пайызбен беріледі? Кейбір банктер «ішкі қызметін» қосқанда немесе айыппұлмен бірге есептегенде ол 50 пайыздан асып кетеді. Айырмашылығы көзге ұрып тұрған жоқ па? Сол үстеме пайыздан түскен ақшаны шетелдік банктерге беріп жатыр ма? Жоқ, осыншама пайыз өздерінің қалтасына түсіп жатыр деген сөз. Мұндай үстемелік мөлшерлеме шетелдік банктердің түсіне де кірмейді. Олар мұндай тойымсыздыққа бармайды, ақшадан өз клиенттерінің алдындағы беделді анағұрлым биік санайды. Ал, біздің банктер бедел дегенді белінен басып жүре береді. Ең бастысы, сонда олар кімді қанап жатыр? Әрине, шетелдіктерді емес, өз халқын сорлатып отыр. Үкімет пен Ұлттық банк екінші деңгейдегі банктерге қанша пайызбен қаржы беріп жатқаны халық үшін құпия. Ол туралы ресми түрде бір ауыз сөз де айтылмайды. Айналып келгенде қарапайым халық қарызға батады.

Жалпы алғанда біздегі қаржы саласының жұмысы ешқандай сын көтермейді. Қаржы министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша былтырғы жылдың 9 айының көрсеткіштеріне сәйкес, тексерілген жалпы көлемі 1,4 трлн. теңгенің 40 пайызы бойынша ірілі-уақты қаржылық заң бұзушылықтар анықталған. Демек, толық емес тексерулердің өзі қаржының жартысы дұрыс жұмсалмайтынын көрсетеді. Бұл өз кезегінде халықтың тұрмысын нашарлатып, қарызға кіргізеді. Несие үстемесін төлей алмай жалғыз баспанасынан айырылғандардың өзіне-өзі қол жұмсауға дейін баруы соның айқын айғағы. Ал біздің банктерге тұрғындар түгел қырылып қалса да бөрібір. Олар алдымен өздерінің тойымсыз тәбетін тояттату керек. Халықтың арқасында пайдаға кенеліп отырғандарын есіне де алмайды. Сондықтан да Елбасы мен депутаттардың атына қарапайым тұрғындардан сансыз арыз-шағымдар түсіп жатады. Осыған орай биыл жаңа бағдарлама қабылданып ипотекалық мөлшерлеме 7 пайызға төмендетілді. Бұл да өзге елдермен салыстырғанда жоғары көрсеткіш, бірақ осыған да шүкіршілік дейміз. Ширек ғасыр бойы жоғары үстемемен төленген, тойымсыздардың құлқынында кеткен халықтың қор болған қайран қаржысы демеске шарамыз жоқ. Бұл банкке байланысты кейбір деректер ғана.

Халықтың қарызға батуының бұдан басқа себептері толып жатыр. Солардың ең маңыз-



САЙРАГУЛ СОТЫ:

ҰЛТЫМЫЗ бен МЕМЛЕКЕТИМІЗ ҮШІН СЫНАЛАР СӘТ

Күндегі әдетпен таңертең әлеуметтік желіде не жаңалық бар екен деп кірсек, екі айдан бері ақпарат құралдары жанашырлықпен жарыса жазып келе жатқан Сайрагүл Саубайбаевты қарындасымызға араша болуын сұрап танымал құқық қорғаушы Абзал Құспанның Елбасыға жазған Ашық хаты алдымыздан атойлап шыға келді. Түскеніне бірнеше минут қана болған екен. Мәселенің мән-жайын толық түсіну үшін ең алдымен үшбу хатты асықпай оқып шығайық.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВҚА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТАРЫ АТЫНАН
А Ш Ы Қ Х А Т**

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізге мемлекетіміздің ең жоғарғы лауазымды тұлғасы және Қазақстан Республикасы Конституциясының кепілі ретінде осы хатты жолдай отырып, келесі мәселе бойынша Өзіңіздің жеке араласып саяси шешім қабылдауыңызды сұраймыз.

Қазіргі кезде Алматы облысы Панфилов аудандық сотында, зансыз шекара бұзғаны үшін ҚХР азаматы, этникалық қазақ Сайрагүл Саубайбаевқа қатысты қылмыстық іс қаралуда.

Өзіне тағылған айыпты толығымен мойындаған С.Саубайбаев Қазақстанның мемлекеттік шекарасын бұзу себебін 2016 жылдан бері ҚР азаматтығын алған отбасымен қауышу, сонымен қатар, бұдан әрі ҚХР тұру мүмкін еместігі себебімен түсіндіреді. Себебі, аталған мемлекеттің ШҰА округінде аз ұлт өкілдері, оның ішінде этникалық қазақтарға қатысты жаппай адам құқығын бұзу фактілері орын алуда. Ол туралы халықаралық құқық қорғау ұйымдарының есептерінде де көрсетілуде (қосымшада).

Қазақстанның қылмыстық заңнамасына сәйкес бұндай қылмыстар үшін елден шығару – міндетті қосымша жаза ретінде көрсетілген. Алайда Саубайбаев елден шығарылған жағдайда, ҚХР қылмыстық заңнамасына сәйкес, оны өлім жазасы күтіп тұр, себебі;

- Ол ҚХР-да мемлекеттік қызметте болған;

- ҚХР Коммунистік партиясының мүшесі болған;

- Этникалық қазақтарға арнап салынған концлагерь қызметшісі ретінде, ҚХР мемлекеттік құпияларын білген.

Бәрімізге белгілі, Қазақстан «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға» қосылған ел, оны 1998 жылы ратификацияладық, сонымен қатар, 2006 жылы «Азаматтық және саяси бостандықтар туралы Халықаралық пактіге» де қосылғанбыз. Аталған халықаралық шарт нормалары кез-келген азаптау мен қатыгездік орын алу қаупі бар елдерге адамды беруге, шығаруға тиым салады.

Қазіргі кезде, Сайрагүл Саубайбаевқа қатысты қаралып жатқан іс және ҚХР ШҰАО-гі этникалық қазақтардың жағдайы тек елімізде ғана емес, сонымен қатар әлем бойынша кеңінен талқыланып, қоғамдық резонанс тудыруда (әлемдік БАҚ мақалаларына сілтеме тіркелді).

Осы тұрғыда Сіздің тарапыңыздан

Сайрагүл Саубайбаевты Қытайға бермеу туралы шешім қабылдағаныңыз Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы, тәуелсіз және құқықтық мемлекет ретіндегі беделін нығайта түсері сөзсіз!

Аталғандардың негізінде, Сізден осы мәселеге араласуыңызды және:

- Халықаралық шарттар нормаларының орындалуын қамтамасыз етіп, Сайрагүл Саубайбаевты ҚХР-на бермеуге ықпал етуіңізді,

- Сайрагүл Саубайбаевқа мерзімінен бұрын азаматтық беруді,

- ҚХР тарапының ерекше қызығушылық танытуы себепті, Сайрагүл Саубайбаевты қорғауға алуды қамтамасыз етуді сұраймыз!

Құрметпен, қорғаушы – адвокат А.Т.Құспан». (Ашық хат орфографиялық және стилистикалық тұрғыдан аз-кем өңделді. – Ө.А.)

Иә, дәл бүгінгі таңда Сайрагүлдің тағдырынан артық күйіп тұрған мәселе жоқ екеніне ешкім де таласпас. Өйткені, жеке бастың күнделікті күйбең тірлігінің көрінісі емес бұл. Оның сыртында тұтас халықтың ар-намысы тұр. Әлеуметтік желіде «Ашық хатты қолдаймыз!» деп қол қойып жатқан жанның қарасы еселеп өсіп келеді. Біз болсақ мәселенің байыбына тереңірек үңілу мақсатымен ғаламтор шарлай бастағанымыз сол еді, Сәуле Әбілдаханқызы қарындасымыздың (бүгінгі заманның «Ақжүнісін») таныстырып жату қажет емес шығар) мынадай жазбасы жарқ ете қалды: «Сайрагүлдің сот процесінен кейін 3-4 сағат жол жүріп, Алматыға жеткен соң бізді көлігімен Жаркентке апарып, алып қайтқан Нұрғали деген азаматтың ұсынысымен Айбын ағаның «Тимужин» мейрамханасында (Райымбек батыр даңғылы, Махитаның артында) шай ішіп, біраз шаршағанымызды бастық. Сол жерде Абзал адвокаттан Сайрагүлдің соты туралы көкейдегі бір-екі сауалға жауап алған едім...»

Оқиғаның мән-жайы жайлы нақты да дәлелді сөзді енді біз де қорғаушының өз аузынан естіік. «Сайрагүлдің ісінің қаншалықты маңызды екенін көп адам әлі түсіне қойған жоқ. Соның сыры бүгін ашылғандай болды... Сайрагүл Саубайбаевтің ісін адам емес. Ол Қытайдың саяси үйрену лагерінде жұмыс істеген адам, яғни, Қытайдың мемлекеттік құпияларымен жұмыс істеді деген сөз. Американың, Еуропаның газеттері, оның ішінде «Вашингтон пост», «Нью-Йорк Таймс» біздің «Ата Журт» еріктілер ұйымының материалдары негізінде 50-ден астам мақала берді, көптеген халықаралық ұйымдар, БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі комиссариаты, Хьюмен Райс Уотч, Европарламент осы мәселені зерттеу үстінде. Осы кезге дейінгі зерттеулер нәтижесінде мәлім болғандай, әлем жұртшылығы Қытайдың Шыңжаң-

Ұйғыр автономды округінде 1 миллионға жуық түркітөктес мұсылманның түрмеде жазықсыз отырғанынан хабардар. Бірақ, осы кезге дейін әлем сол лагерлерде не болып жатқанын зардап шеккендер мен үшінші жақтағы адамдардан естіп, біліп келді. Ал, сол лагерлердегі, түрмелердегі қытайдың құпия құжаттарын қолымен ұстап, көзімен көрген, және соларға өзі қызмет істеген адам жайлы ешкім ештеңе білмейтін. Бүгінгі сот мәжілісінен кейін «Франс Пресс» секілді әлемдік ақпарат құралдары «Бұл – нағыз сенсация! Қытайдың қылмысы нақты түрде дәлелденді, әшкереленді» деп хабарлап жатты. Қылмыстың әшкере болуы жолындағы Сайрагүл сотының үлес салмағы қандай екенін өздеріңіз пайымдай беріңіздер.

Сайрагүлдің басына төнген қатердің қаншалықты зор екенін түсіну үшін бірекі ғана дәлел келтірейін. Сайрагүл ұлты қазақ әйелдің Қытайдың мемлекеттік жалауы күнделікті таңертең көтеретінін вичат (вацаптың аналогы) арқылы Қазақстандағы туыстарына жіберген екен. Қытай жағы осыны «Отанға жасалған опасыздық» деп бағалап, сол үшін оны өлім жазасына кесіпті... Сайрагүл бүгінгі сотта одан бөлек шын мәнінде Қытайдың мемлекеттік құпиясы болып саналатын құжаттармен бөлісті. Ол үшін Қытай заңнамасына сәйкес Сайрагүл Қытайға қайтарылған жағдайда оны бірнеше бап бойынша өлім жазасы күтіп тұр.

...Алайда, Қазақстан қол қойған, ратификаландырған қос бірдей халықаралық құжаттарға, шарттарға (оларды жоғарыда келтірдік – Ө.А.) сәйкес Сайрагүлді Қытайға қайтаруға болмайды. Қазақстан өз мойнына алған халықаралық міндеттерін атқаруға тиіс... Мен осы аталған халықаралық шарттарды негізге ала отырып, Сайрагүлдің мүддесіне қызмет ететін, оның прокуратурамен келісімге келуі туралы өтініш өткіздім. Сот оны қабылдап алды және бізге 23-шілдеге дейін уақыт берді. Осы мерзім ішінде Сайрагүлдің тағдыры шешілмек.

Мен бүгін бірнеше халықаралық ұйымдардың өтініш хатын іске тігу үшін сотқа ұсындым. Соттың өзінде олар бұрыннан бар екен, бар болса да тағы да қабыл алды.

Осылайша, бүгінгі күні сот алаңында екі жақ бетпе-бет келіп отыр. Оның бір жағы – Сайрагүлді өзінің кезекті құрбандығына айналдырғысы келіп отырған қатыгез Қытай үкіметі. Екінші жақ – өркениетті батыс елдері. Олар адам құқығын ең алдыңғы орынға қояды, ең бірінші кезекте соны қорғайды. Олар біздің қандасымызға араша түсіп отыр. Бұл жағдай біздің ұлтымыз үшін ғана емес, мемлекетіміз үшін де сыналар сәт болмақ. Ол қай жақты таңдайды?..»

Әлеуметтік желідегілер «Сайрагүл

қызмет еткен «түзету лагерінде» 2,5 мыңнан астам қазақ қамалған, ал, бұл жайлы ақпараттың барлығы Қытайдың мемлекеттік құпиясына жатады. Ал Сайрагүлге «осы құпияны тісіңнен шығарсаң, ату жазасына кесілесің» деп ескертіп, құжатқа қол қойғызып алған. Ендеше, Сайрагүлді Қытайға беруге болмайды» деп жазуда. Бұл мәселеге Еуропа мемлекеттері мен АҚШ та назар аударып бастағанын адвокат Абзал Құспан айтты. Ал Сайрагүлдің өзі 20-маусым күні «Қамалатыным анық болған соң, шекараны бұзып өтуге іштей дайындала бастадым. Оның үстіне бойдақ қазақ келіншектерін қытайдың үйіне айына сегіз мәрте қондыру міндеттелді. Құдай оңдап маған таныс ханзудың үйі бұйырды. Оған күніне 20 юань беріп, «қонды» деп қол қойғызып алып жүрдім. Кеш бата ханзудың үйіне кіремін. Шарбағынан секіріп шығып, ауыл шетімен өз үйіме барып, жарық жақпай түнеймін. Осындай саясаттан соң менде шекара бұзудан басқа амал қалған жоқ» деп жазса, кеше 13-шілде күнгі сотта өзінің шекараны бұзған себебін: «Шекарадан өткенде, оның заңсыздығын да, зардабын да түсіндім. Бірақ мен шаңырағымға оралу үшін, жанымды аман алып қалу үшін осындай қадамға бардым!» деп түсіндірген.

Кейбір заңгерлер соттардың өзінің ішкі түйсігіне сүйене отырып адамды қорғау үшін заңды белден басуына рұқсат та бар, алайда оны бір жылда екі-ақ рет пайдалануға болады, соны біздің сот та қолдансын дейді. «Құқық адамгершіліктен төмен» деген сөз көне заманнан келе жатқанын ескерсек, бұл сөз құлаққа кіреді. Құлаққа кірмейтін сөздер де бар. Әлгі заңды мүмкіндікті қолдануға қарсы қазақтар да табылып жатыр. Олар «заң жаман ба, жақсы ма бәрібір, заңның аты заң, оны бұлайша қалауыңа қарай бұруға болмайды» деп көсемсуде. «Сөз емес сөзді кісі емес кісі айтады» деген нақыл осындайдан қалған-ау, сірә. Әйтпесе, Абзал Құспан айтқандай бүкіл ұлт та, мемлекет ауыр сынаға түсіп жатқанда, қандасыңды жаудан аман алып қалуды емес, жаман заңнан ауытқумайды ойлау саудың тамағын ішіп, жындының сөзін айтатын адамның ғана ісі шығар...»

Бұл жерде парадоксалды жағдай: Отаны үшін, отбасы үшін, өзінің ар-намысы үшін басын бәйгеге тіккен Сайрагүлді Қытайға бергізбей аман алып қала алғанымыз – Сайрагүлдің өзі үшін жақсы. (Ал оны жеңіл жаза беріп, Қытайға бермей алып қалуға толық мүмкіндік бар.) Сайрагүлді біздің билік осалдық жасап, Қытайдың талабына көніп, ұстап бергені яғни, бірнеше бап бойынша өлім жазасына кесілген оның құрбан болуы – қазақ халқының бірігуіне жақсы...

Өмірзақ АҚЖІПТ

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР

Үстіміздегі жылғы 20 маусым күні «Егемен Қазақстан» газетінде биылғы жылғы Әдебиет және өнер саласында мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, іріктеу кезеңінен өтіп, ақтық сынға жолдама алған авторлар шығармаларының тізімі жарияланды. Өз қатарларынан оза шығып, көп дауыс жинаған туындылар иелерінің бағы мен бабы сыналатын уақыт алда. Дегенмен, ел жүрегі – Астананың 20 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында топтан озған шығармалардың жұртшылық талқысына ұсынылуында қоғамдық-саяси мән бар дер едік.

Халқымызда: «жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деген әдемі, қанатты сөз бар. Бәйгеге түскен шығармалардың саны біршама көп болғанын да білеміз. Соның ішінде оқырмандардың өз тарапынан қызығушылық пен құрмет танытатыны – әдебиет. Өйткені, сөз өнері халқымыздың ежелгі ұлттық коды, жады мен тарихы десек, оған берілер бағаның да бәсі биік бола түседі. Оның үстіне биылғы жылы әдеби сыйлыққа әбден танымал, өңшең талантты, тұлғалы қаламгерлер: ақындар мен прозашылар түскен екен. Бұл әдеби жарыстың

Және осындай сындарлы да салмақты, көркем де көшелі еңбекпен жұмыс жасағанымды өзіме де тәлімді әдеби сабақ болды деп санаймын. Оқырман тез оқып тастағанда, кейбір жайттарды байқамай кетуі мүмкін, ал редактордың оқуы мен тоқуы тіптен басқа болатынын әдебиетші қауым жақсы біледі. Мен бұл жыр жинағына осы тұрғыдан келіп, пікірімді жан-жақты, дәйекке сүйене отырып айтпақпын.

Ең алдымен айтарым, «Шуақты шақ» тәуелсіздікке, мемлекеттік мүддеге, елдік қарекетке қызмет етудің айқын айғағы деп ой түйдім. Өтеген әдеби ортада әбден



Елбегей де, желбегей,
Желке ойығын көрмегей.
Ызым-қайым уақыт бұл,
Ықыласын бермеді-ей.

Елбегей де, желбегей,
Сынақ шапқан жер де өгей.
Құлақ біткен тас керен,
Кісендеулі тіл-көмей.

Елбегей де, желбегей,
Тұмса жырым желдегей.
Көңілімде қақпан тұр,
Қауып алып жүрмегей.

Жалпы, Өтеген ақында ойлы, астарлы, мағынасы бір тұтас шығармаға жеке-дара жүк боларлық өлеңдер баршылық. Ырғақ пен өлеңнің ішкі динамикасы, ақын жанының энергетикасы жан-жақты көрініп, ойлы оқырманның жан дүниесін байытатын баянды жырлар жинақтың өне бойында алтын арқау құрайды. Ақынның үлкен мемлекеттік қызмет мектебінен өткені, қайраткерлік деңгейге жеткені «Шуақты шақта» өзінің бар болмыс-баянымен көрінеді. Өтеген осы еңбегімен қазіргі қазақ поэзиясының іргелі, ізденісті, қуатты, қабырғалы ақыны екенін қапысыз дәлелдеген. Редакторлық жұмыс кезінде оның талай тамаша өлеңдеріне шығармашылық қызығушылықпен, әріптес ретінде риза көңілмен қарағанды баса айтқым келеді.

Жинақтың үшінші бөлімінде оның 3 дастан-толғауы топтастырылған. Бәрі де тың тақырыптар. Мысалы, елімізге ұзақ жылғы үзілістен кейін көзайым болып қайта оралған наурыз мейрамы туралы «Нығмет айы – Наурыз» этнографиялық дастаны бүгінгі күні жалпыұлттық мерекеге тұғыр боларлық туынды. Наурызды лайықты қарсы алу үшін осы толғауды үлкен деңгейде әдеби-рухани монтаж ретінде түрлендіріп, жаңа режиссерлік шешіммен пайдалануға болар еді. Кезінде атақты ақынымыз Мұхтар Шахановтың өзі «Желтоқсан эпопеясы» атты көлемді тарихи еңбегінде Өтеген Оралбайұлының 1988 жылы, Колбиннің кезінде, наурыз мерекесін қайта тойлауда қаламгерлік қайрат танытқанын атап өтетіні бар.

Біз соғыс тақырыбын бұған дейін біржақты қарап келдік. Мұны тек үлкендер қатысқан алапат деген түсінік болды. Отан соғысында тылдағы майдан да алдыңғы шептен осал болған жоқ. Соның ішінде қазақ балаларының ерен еңбегі мен ерлігі арқау болған бұл дастан өзінің патриоттық-реквиемдік, эллегиялық-эстетикалық болмысымен адам жанын баурайды. Ал, «Ұлт ұраны – Ұлытау» атты тарихи толғауы рухани жаңғырудың негізін қалаған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Ұлытау сұхбатынан өріс тартып, өміршеңдегімен, қоғамдық-саяси қуатымен ерекше есте қалады. Біз тәуелсіздік тақырыбы аз жазылды деген сөзді естіп қаламыз. Бұл шығарма сондай асығыс пікірлерге оппонент болатын озық туынды. Рухты, ізгі мақсатты, шынайы шындықты боямасыз көрсеткен көркем шығарма. Бұл дастанға ақын барынша талант күшін салған.

Мен өзім редакторлық жасап, зер салып әрі қуана оқыған «Шуақты шақ» жинағының әдебиет саласы бойынша мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, алғашқы іріктеу кезеңінен абыройлы өткенін қуанышпен қабылдадым. Тәуелсіздікке талантымен қызмет етуі ақындық ұстанымы болып қалыптасқан Өтеген Оралбайұлының «Шуақты шақ» жыр жинағы шуағы мол, ел назарын өзіне аударатын, қазақ жырының қатарына қазына болып қосылатын көркем де көшелі еңбек. Жолы болып, мәреден мәртебесі биік болып озып келуіне тілектеспін.

Жақсылық АЙЖАН,
ақын, Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Ақтөбе қаласы

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЗЫМ – АҚЫНДЫҚ ҰСТАНЫМ

БЕЛГІЛІ АҚЫН ӨТЕГЕН ОРАЛБАЙҰЛЫНЫҢ «ШУАҚТЫ ШАҚ» ЖЫР ЖИНАҒЫ ЕГЕМЕНДІККЕ ҚЫЗМЕТ ЖАСАУДЫҢ, ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЗЫМ ЕТУДІҢ АҚЫНДЫҚ, АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ

денгейін одан әрі көтере түсетіні сөзсіз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылынан бастап мәдениетті дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев егемендіктің ерте кезеңінің өзінде, нарық заңы қысып, жоқ пен бардың ара салмағы алмағайып болып тұрғанның өзінде әдеби-мәдени, рухани өркендеудің ел үшін аса маңызды екенін түсіндіріп, өзі үлгі көрсетіп, осы саланы үнемі қолдап отырды. Қаржы-қаражаттың ең қиын кезінің өзінде 100 ақын-жазушы, өнер қайраткерлеріне президенттік стипендия тағайындап, оны міне, 25 жыл бойы үзбестен беріп келеді. Арнайы «Мәдени мұра» бағдарламасын бекітіп, руханияттың жаңа замандық белеске көтерілуіне барынша қолдау-көмек көрсетті.

Осындай сындарлы саясаттың нәтижесінде отандық әдебиет пен өнер жаңа кезеңге шықты. Тәуелсіздіктің жаңа туындылары өмірге келді. «Әдебиет ұлы болмай, ұлт ұлы болмайды» деген ұлы қаламгер Ғабит Мүсіреповтің қанатты қағидасы іс жүзінде өзінің өміршеңдігін көрсетті. Қазақ әдебиетіне жана, жарқын туындылар келді, жастар тобы жетіліп, дәстүрді жалғастырып, ел руханиятына еңбек етудің биік белесі қалыптасты. 90-шы жылдардың басында талантымен көзге түсіп, танылған кешегі күнгі жастар бүгінде әдебиеттің абыройлы жүгін арқалайтын аға буынға айналды. Әдебиетіміз жанрлық, мазмұндық, идеялық жағынан кемелдене түсті.

Бүгінгі әңгіме осынау талантты топтың бел ортасында келе жатқан, өзінің ақындық, азаматтық, қайраткерлік деңгейін биіктен көрсетіп, туған әдебиетке толағай олжа салып келе жатқан қазақ жырының көрнекті қайраткері Өтеген Оралбайұлы туралы, атап айтқанда, әдеби сыйлықты беретін арнайы комиссияның сенімі мен ілтипатына бөленіп, жарыстың келесі кезеңіне өткен оның «Шуақты шақ» деп аталатын жаңа жыр жинағы жөнінде болмақ.

Бұл кітап туралы жан-жақты жақсы пікір айтуыма менің осы «Шуақты шақ» жинағына арнайы редактор болғандығым моральдік жағынан толық құқық береді дер едім. Өйткені, кітаптың редакторы болғандықтан мен бұл еңбекті қадағалап, сараптап, зерделеп оқыдым.



танылған, толысқан, өз деңгейіне шыққан, қазақ жырының қазынасына лайықты қолтаңбасын басқан талантты топтың алдыңғы легінде келе жатқан талғампаз тұлға. Қара мақаласының өзі өлеңдей болып төгіліп тұратын, тіл байлығы, көркемдік қабылдауы терең де тапқыр, әр өлеңінің өзі қанатты ойға қазық қағатын ақын өлеңге келгенде төгіліп, жан дүниесі мөлдіреп көрініп, алған тақырыбын еркін меңгеріп, астарлы, образды түйін тудырып, шығармасының шырайы мен шұғыласын қатар өрнектейтін ақын. Кітаптан кітапқа, жырдан жырға өсіп отыратын ақынның азаматтық ұстанымы айырықша көрініп, рухани биіктен тіл қатады.

Үш бөлімнен тұратын жыр жинағының өне бойғы алтын арқауы – егемен ел, туған жер, туған Отан, тәуелсіздік, әділдік пен адалдық, мемлекет өмірінің болмыс-бітімін көркем кестелеген шындық пен сыншылдық. Ақынның басты ерекшеліктерінің бірі оның ұйқастарында, өлең ырғағында толымсыз ұйқас, толғағы жетпеген сөз болмайды. Бұл жағынан келгенде ол жорға жырдың жүйрігі, аса талантты ақын Сағи Жиенбаев ағасының шынайы шәкірті десе болғандай.

Өтеген Оралбайұлының ақындық ерекшелігі неде деген сауалға нақты жауап беретін болсақ ол – ашық азаматтық көзқарас, отаншыл, елшіл сезім, туған әдебиеттің бұған дейін шыққан биігіне өзінің үлесін қосқан үйлесімділік

пен көркем келісім, шынайылық пен поэтикалық-лирикалық қолтаңба. Оның өлеңдеріндегі образды ойлар, астары тереңге тартатын тенеулер мен эпитеттер, тақырыпты жаттанды түйінмен аяқтаудан қашық тұратын тың тұжырым, «сылдырап өңкей келісімнен» тұратын жұмыр жолдар. Оқып қараныз:

Аспан биік, одан да арман биік,
Көне сазды көңілім алған құйып.
Сағымына даланың кетті сіңіп,
Жыр дегенің жеткізбес – жалған киік.

Уықтарым – үміттің пернелері,
Түндік аштым, тынысқа жел береді.
Бакан тиген басына бойын бұғып,
Жетім жырлар желбауда тербеледі. Ой мен сезімнің, арман мен үміттің өмірлік ағысы осы өлеңде бар қырынан көрінеді. Немесе:

Пенде жолы күрделі,
Сөзді ұғатын адам бар ма тілдегі.
Ала жердің ашық-шашық омырауы,
Салынбай тұр дүниенің ілгегі.

Бүгін қара, ойлан, көргін, зерделе,
Қандай ақыл керек қорқау пендеге.
Ақ пен қызыл әлі атысып жатыр ғой,
Ақ пен қара орнығып ап кеудеге.
Өмірдің күрделі құбылысын қапысыз басып, танып, пендеге ой салар, заманға уәж айтар мұндай азаматтық жырлар бұл жинақта өте мол. Алмағайып заманның алашапқын әрекеті өлеңге түскенде былай болып шығады екен:

БҰРМАЛАУ ОСЫНДАЙ «КІНӘРАТТАН» БАСТАЛАДЫ

Танымал әншілердің белгілі ән мәтіндерін бұзып айтып жүргенін аңдағаныма талай жылдың жүзі болыпты. Әсіресе, әйгілі Шәмші әндерінің сөзін бұрмалушылық құлаққа түрпідей тиіп, көңіл жабырқатады. Әйткенмен, «бұл қателікті сол өнер маңайында жүрген біреу болмаса біреуі байқар, айтар, түзетер» деп үміттенесің. Әліптін артын бағасың. Күтесің. Сөйтіп уақыт жылжып жатады. Ересек тыңдаушы қауыммен бірге өскелең ұрпақ та шатаса береді. Бірақ, әлі күнге сол олқылықтың орны толар түрі жоқ. Кейінде, керісінше, әуен мәнін арттырып, санаға сәуле шашып тұратын сөз сәулетінің бүлінуі көбейе түскендей.

Өзге композиторлардың да кей шығармалары бұрыс айтылып жүргелі талай кезен өтті. Мәселен, әнші қарындасымыз Айгүл Қосанованы қаншалықты жақсы көрсек те, оның кең тараған әнді бастаған беттен-ақ: «Көк жүзінде барады қаздар қайтып» деп сүрінгенін көріп қынжылмасқа лажың қалмай отырасың. Мұндайда, тіпті, осынау тартымды әуенді мұндай орындауда тыңдағың да келмей қалады екен.

«Қаздар қайтқанда» аталатын (әні Теміржан Базарбаевтікі) бұл өлең жолының дұрысы:

*Көк жүзінде барады қаздар қалқып,
Күндер солай өтеді шалқып-шалқып.*

*Сағыныш қой сарала жапырақтар,
Жақсылықтың жолында жатқан балқып...*

Яғни, жылы жаққа бағыт бұрған құстар легі зенгір көкте «қайтып» бара жатқан жоқ — қалқып барады. Сөз авторы Тұманбай Молдағалиевтың өзге де атакты жырларында айтылатынындай, қараша қаздар мұнда да қанатына оралмайтын тағы бір көктемді ілестіріп алып, өскен жерін қимай барады. Қазақтың маңдайына біткен таңғажайып лирик бұл жерде бірден «қайтып» деп қарабайыр, қатқыл түрде төтесінен тартпай, шалқыған бұла күндердің, балқыған сарала жапырақтардың фонында әуе толқынының ырғағымен ақырын ғана лықси жылжып, қалқи парлаған құстар қанатының сусылы арқылы мезгіл кескінін суреттеп отыр. Жүректі ән баурағанда ойыңызға өмірдің өткіншілігі, кимас, жарқын сәттердің сонша қысқалығы елестеп, көңіліңізді мұң тербейді. Иә, бұл негізінен, уақыт, ғұмыр туралы жыр. Небәрі үш шумақтан тұратын өлеңнің өзінің өн бойын кернеген сикырлы саз, тылсым әуез бар.

Және өлең жолдарында логикалық үйлесім мен ұйқас деген болмай ма. Демек, анау алғашқы шумақтағы «қалқып — балқып — шалқып» тіркестері бір-бірімен табиғи жымдасып, үздіксіз динамика, тұтас ансамбль құрайтыны өз-өзінен түсінікті шығар.

Ән сөзі сексенінші жылдан ертерек шыққан кітаптарда дүп-дұрыс тұр. Бірақ Хайролла Тілемісов құрастырған жинақта («Қайнар», 1984) «Көк жүзінде барады қаздар қайтып» деп өзгертіліпті. 1990 жылы «Өнер» баспасынан Әзікен Нұрбаевтың құрастыруымен шыққан екі томдық «Халық әндері мен халық композиторларының әндері» жинағында, сол секілді 2005 жылы «Жалын» баспасынан Сұлтан Жекеевтің құрастыруы бойынша жарық көрген «Алқалы топтың ажары» кітабында да дәл өстіп берілген. Бұл кісілердің жаңсақ нұсканы бір-бірінен ауыстырып ала бергені байқалады. Ендеше, «баксақ, бақа екен» дегендей, Айгүл осыларға сүйенген болып шығады.

Сол секілді әнші Медеу Арынбаев пен кейбір басқа да өнерпаздар бертінде дейін Мұхтар Шахановтың сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ бантик» әнін:

*Білмеймін ер жетіп қалдың ба,
Шашыңда ақ бантик жоқ бүгін,* — деп шырап келді.

Бұл енді өрескел қателік еді. Өйткені, сөз мағынасын ұғатын әр қазаққа мәлім — қыз бала ержетпейді, **бойжетеді**. Бірақ Х.Тілемісов жинағында түпнұсқа «ер



жетіп» деп «жөнделген». (Ауыл кеші көңілді. Алматы: — Қайнар, 1988, 254-бет).

Осы «Ақ бантик» қайырмасын әнші Асқар Жүнісбеков:

*Нұрлы бейнең қандай жарқын,
Арманысың қандай жанның,* — деп әуелетеді.

«Меломен» тобының жігіттері де тура осылай орындап келді.

Сонау 1968 жылы жазылған өлеңнің түпнұсқасында «қандай» емес — «нұрлы бейнең **таңдай** жарқын» делінген. (Шаханов М. — Шәмші табиғатының шыңы мен шатқалы: Ш.Қалдаяқов туралы эсселер. — Алматы: — 2010, 63-ші бет).

Рас, кезіндегі меломендік мөлдірген төрт жігіт «Ақ бантик» тамылжыта орындады. Музыкалық әрленуі де тартымды. Дыбыс та сонша таза. Тіпті, бұлар ән қайырмасының бір тұсында «ah-h—ah-ah...» деп әсерлі бояу қосып, әсем әуенді одан сайын құлпытта түседі. Бірақ бәрібір бұлар қанша әдемілегенмен мәтін түпнұсқасы бұзылғаннан кейін анау «қандай — қандай» ұғымдарын «қайшыластыру» арқылы ән табиғатына селкеу түсіріп, талғампаз тыңдаушыларына кері әсер туғызып тұрғандарын аңдамайды.

Шәмшінің Мұхтар өлеңіне жазылған және бір әйгілі «Өмір-өзен» әнін Алтынай Жорабаева салып келе жатқалы да бірталай өтіпті. Әншінің туындыны кәсіби жоғары деңгейде орындайтындығына дау жоқ. Дегенмен, Алтынай осындағы:

Қарсы жүріп үйренсек те қар мен

жаңбырға,

Бірақ қарсы тұра алмадық асау тағдырға, — деген алғашқы жолдың соңындағы сөзді «жаңбырда» деп өзгертіп, сөз мағынасын бұзады. Сол сияқты:

Алуан гүлдер шуақ шашты бүгін бақшаңда,

Қызғанбаймын басқа ошақтың отын

жақсаң да, — дегенде де сөзді бірінші жақпен «бақшаңда» деп қолданады. Үшінші шумақтағы:

Жалғыз аққу таудан асып қайтып барады,

Сағынышын әнге қосып айтып барады,

— жолындағы «қайтыпты» «қалқып» деп жеткізеді.

Алтынай да, әрине, түпнұсқа мәтін бұрмаланған жинақтардың біріне жүгінген болуы мүмкін. Дегенмен, «қалқып — айттып» деген сөздердің онша ұйқаспайтыны анадайдан-ақ көрініп тұр ғой. Поэзияда нәзік дыбыс иірімдері шебер зергердің қолынан шыққан жақұт жүзіктей жарқырап, әр қыры үйлесе жымдасып, жарық шашып тұрмақшы. Ал әнші аузынан шығатын «қалқып» бұл жерде өз орнын таппайды.

Шәмші Қалдаяқовтың Мұзафар Әлімбаевтың сөзіне жазылған «Ақсұңқарым» да Алтынайдың орындауындағы әндердің бірі. Әнші мұндағы да:

Есімде гүл терген кез көктемдеде,

Есті қыз ер жігітті шет көре ме, — деген жолдардағы алғашқы ұйқас сынарын «көктем еді» деп алады. Сондай-ақ:

*Жаным-ау, мен қалайша жатсынамын,
Жан-жүрек бір өзіңе тапсырамын,* — шумағының соңы «тапсырамын» дейді. Қайырмадағы:

Аяла гүлімді,

Ұмытпап үніңді,

Бір жырла жырыңды, ақсұңқарым! — жолдарының ортанғы сөзін «ұмытпа» деп қолданған. Ақын бұл тұста қыздың сүйген жігітіне арнап: «Ниет-тілегіміз бірге болсын. Менің өзіне деген қалтқысыз сезімді мәпеле. Мен де сенің даусыңды, лебіңді жүрек түкпірінде сақтаймын» дейтін ниетін жеткізіп отыр. Әйтпесе, өз үніңді өзін ұмытпай есінде ұста деп кім айтады.

Рас, бұл ретте автор мәтінінің аздап ауырлау болуы ықтимал. Әйтсе де, талай жылдардан айтылып, халық көкейіне әбден сіңген ән сөзін үлкен сахналардан көрініп жүрген нағыз әнші қалайда игеруге тиісті емес пе.

1963 жылы көрнекті ақын Шәмші Мұхамеджановтың редакторлығымен «Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет» баспасынан жарық көрген «Қазақ әндеріндегі» «Ақсұңқарым» (225-б.) мен 1986 жылы «Қайнар» баспасынан Хайролла Тілемісовтің құрастыруы арқылы шыққан жинақтағы «Ақсұңқарымның» (322-б.) арасында да біраз өзгешеліктер бар. Мәселен, кейінгісінде «аяла гүлінді, ұмытпа үніңді» делінеді және өлең қайырмасындағы жолдар екі тұста алмастырылып жіберілген.

Бірақ мұндай олқылықтар биік дәрежелі әнші жауапкершілігін азайтпаса керек. Өзін сыйлайтын, өзінің шын бағасын білетін маман халыққа ұсынатын әнінің әуезі мен мәтініне үстірт қарамай, оны сонау шыңырау тереннен, мөлдір тұма тұнығынан, түпнұсқасынан іздеп тауып, танысуы міндет емес пе. Бұл, бір жағынан, әншілердің продюсерлеріне де сын секілді. (Осы орайда айта кетсек артық етпес, мәселен, анау 1984 жылы жарық көрген ән топтамасының ішкі бетінде «Ауыл кеші көңілді. Ауыл көркемөнерпаздарына арналған әндер жинағы» деп анық жазылған. Сонда біздің республикалық деңгейдегі жоғары санатты әншілер неліктен тек сол жинақтарға жүгіне береді екен деп таңданатынымыз жасырын емес).

Шәмшекеннің Мұхтар Шаханов сөзіне жазылған «Кешікпей келем деп ең» (1966 жыл) әнінің екінші шумағы:

Қайтейін кінәлап бұған сені,

Сағатың алдаған шығар сені, — деп басталады. Түпкі нұсқасы осылай. Жетпісінші жылдан бері қарайғы ес білген тыңдаушылардың құлағы да осыған үйренген. Бірақ бертінде бұл әнді шырқай бастаған Мәдина Сәдуақасова мен Әйгерім Қалаубаева сонау алғашқы жолды ылғи «қайтемін кінәлап бұған сені» деп орындайды.

Ал бұған да «кінәлі» әлгіндей 1984, 1988, 2005 жылдары құрастырылған жинақтар секілді. Әлбетте, бір қарағанда, осы аса оғаш көрінбесе де, жыр кестесінің бояуы сүренсіз

тартады. Және түсінетін кісіге «қайтемін» мен «қайтейіннің» арасында үлкен айырмашылық бар ғой.

Тағы:

Күлімдеген қара көздер сүзіле,

Жаутаңдатты-ау, жаутаңдатты-ау ізіне, — деп бітетін Шәмші Қалдаяқов ән жазған Ізтай Мәмбетовтің «Қара көз» өлеңінің екінші шумағындағы соңғы сөз 1984 жылғы «Ауыл кеші көңілді» жинағында «өзіне» деп өзгертілгенін байқаймыз. Ал 1985, 1986 жылғы осы жинақта қайтадан «ізіне» деп жөнделеді. Сонау 1963 жылы шыққан «Қазақ әндері» топтамасында, сондай-ақ ақынның 1983 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген өлеңдері мен дастандары жинағында да «ізіне» деп тұр. Осындай кереғарлықтан шығар, әншілер мұны да екі нұсқада орындайды.

Баяғы балғын жастау шақта Қайрат Байбосыновтың орындауындағы Мәдидің «Үшқарасы» мен «Ауыл кеші көңілді» жинағындағы «Үшқараның» өзгешелігін аңдап таңданғаным есімде. Сонда: «Е-е-е, Қайрат әнші ән сөзінің дұрыс түрін өзіне алып ап, елге бұрмаланған, нашарлау нұсқасын ұсына салған-ау» деп ойлап едім. Сөйтсек, мәселе басқада екен...

2005 жылы «Жалын» баспасынан «Алқалы топтың ажары» аталатын ән жинағын құрастырып шығарған Сұлтан Жекеев: «Әндердің өзі, әндердің жинағы — үлкен мәдениетіміздің үлкен бір бөлімі. Хайдолла Тілемісов ағамыз өткелі бері әндер жинағын шығару ісі едәуір жетімсіреп қалды. Біз сол олқылықты сәл де болса толтырсақ деп талап қылдық» депті. Дұрыс-ақ қой. Бірақ бұл бауырымыздың кітабында да сонау жоғарыда айтылған «көк жүзінде барады қаздар қайтып», «нұрлы бейнең қандай жарқын», «қайтемін кінәлап бұған сені» секілді тіркестер со бетімен жүр. Әйтеуір, Сұлтан «білмеймін, бойжетіп қалдың ба» деген жолды қалпына келтіріпті. Сол сияқты 2011 жылы «Көшпенділер» баспасынан жарық көрген «Қазақ әндерінен» де (құрастырушы Б.Жүсіпова) аталған қателіктерді ұшыратамыз.

Әндер жинағын даярлап шығару үлкен еңбек. Бірақ құрастырушылар тып-тыныш тұрған нәрсені теріс «редакциялауға» неге құмарланады екен деп те ошарыласың...

Кейде салғырттыққа мән-жайды жақсы біле тұра жол беретін сәттер де кездесетіндей. Айталық, Халық артисі Ескендір Хасанғалиев ағамыз Оспанәлі Иманәлиевтің сөзіне жазылған өзінің «Анаға сәлем» әнін орындағанда бірде «көргенше анамды», бірде «көргенше анашым» дейді. Дұрысы:

Көргенше алаңмын,

Аңсаймын, толғанам.

Қалып ал балаңның,

Сәлемін жолдаған...

Әрине, композитор мұның солай екенін білмей отырған жоқ. Тек кейде анау «анамды көргенше мазаланамын» дегендей нұсқасы түсініктірек болар деп пайымдайтын тәрізді. Бірақ әуелгі әп-әдемі өлең құрылысы көпекөрнеу бұзылып тұр ғой.

Осы іспетті Шәмшінің кең танымал «Бақыт құшағында» әнінің:

Көзіңнен бір ұшқын ұшты ма білмедім,

Әйтеуір, нұр құштым, айтеуір, гүлдедім,

— сөзіндегі алғашқы жолды «көзіңнен бір ұшқын ұшты ма білмеймін» деп айтатын әншілер бар. (Мысалы, әнші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Талғат Күзембаев). «Бақыт құшағынданың»:

Сен биле еркінді,

Әдділе жанымды, — қайырмасын кей өнерпаздар «әдділеші жанымды» деп салып жүр. (Құдайберген Бекішев және Медеу Арынбаев). Біздіңше, бұл да аса орынды шешім емес.

(Жалғасы бар)

Құлтөлеу МҰҚАШ,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері

(Соңы. Басы өткен санда)

Айтылған уақытта Достық ауылының шекарасынан ақындарды жыр шашумен күтіп алдық. Ыстық ықыласпен амандық-саулық сұрасқан соң, Қадыр ағаға қарап:

— Қадыр аға, мен былтырғы өленді ұмытыңқырап қалдым, — дедім.

Аға жымып тұрып: — А-а... «Торы ат басы-ай, ма?» — демесі бар ма?! Міне, керемет! Қалай риза болмайсың? Былтырдан бері ғұлама қай жерде жүрмеді, кімдермен кездеспеді? Кімдермен әңгіме-дүкен құрмады? Мен сияқты талай Әбдіғаппар сан сұрақтар қойып мазалаған да шығар, әйтсе де менің бір ауыз өтінішіммен қалай ойымның үстінен дөп түсті?



бір кітабын ала барғанмын. Ойым — ағалардан қолтаңба алып қалу. Сонымен ақындарға кезегім сөз беріп, арагидік әнімді де айтып қоямыз, әлгі. Бір кезде басыма «Ай, неге Қадыр ағаның сөзіне жазылған әндерді айтпаймыз» — деген ой сарт ете қалды. Түн ішінде Нұрмахан да өлен оқып беріп жатыр ғой...

Анау-мынау деп жарияламас-тан Жақсыбай екеуміз ағаның сөзіне жазылған Шәмшінің «Тамды аруы» әнін қойып кеп жібердік.

Уай, шіркін... Қадыр ағаның сол кездегі рахаттанғанын көрсен...

Ол кісі әннің ырғағымен теңселген сайын біз де тебірене, тербелте барып аяқтадық-ау... Тым-тырыс. Үнсіздік. Жұрттың бәрі ағаның аузына қарап отыр.

сен, бері кел. Мына жерге отыр, — деп қасындағы орындықты нұсқады. Жауын да жатынбай бауырына тартатын жүрек тек ақындарға ғана тән болар? Жүгіріп жетіп бардым да, қасқайып отыра кеттім. Бұдан артық қандай бақыт бар?!

Бауырым Жақсыбай екеуіміз ақын көңілінен шыққанымызға қатты қуандық.

Сөйтіп өзіме-өзім риза болып отырғанда ұялы телефоным шырылдап қоя берді. Арғы жақтан бір өктем дауыс: Ей, қайда жүрсіндер сендер?—деп без-без етеді.

— Е е, не болды?

— Неге, ана жерге барып, ақындарды күтпейсіндер? Сендерге айтылған жоқ па еді?— дейді зіркілдеп.

ҰЛЫ АҒАМЕН БОЛҒАН ҰМЫТЫЛМАС КЕЗДЕСУ

*«Қарапайымдылық, мейірім мен шындық жоқ жерде ұлылық жоқ»
Л.ТОЛСТОЙ.*

Бұған қалай таң қалмайсың?! Еліміздің қанша бөлігінде жүріп, дәл сол бізбен болған кездесуде айтылған естелік жырды еш ойланбай еске түсіргеніне қарағанда, ақын үшін де бұл кездесудің мәңгісіз болмағаны-ау деп шамаладым.

Асыл ағамен екінші кездесуім осылай басталған. «Қазақстан» ауылындағы кафеде жайылған арнайы дастархан басында ақын Тұрғанбек Қанаев бастаған ауыл ағалары күтіп алды. Қазақтың қара домбырасына қара сырнайды қосып, Жақсыбай екеуіміз бірді-екілі әнімді шырып, дастарханды ажарландырып жібердік. Әндерімізді беріле тындаған Исрайыл аға «Таланттың бәрі Шардарада екен ғой», — деді.

Ағалардың әрбір жылы сөзіне бәркіміз қазандай болып, масайрап Шардарамызға да келіп қалдық. Сол жылдары аудан әкімі Марайым Марғұлан Зұлқарнайұлы еді. Марғұлан да керемет өнерге құмар азамат болатын.

Иә, бұл кез Шардара қаласына 40 жыл, Шардара су электр станциясы құрылысының басталғанына 50 жыл толуына орай республикалық деңгейде жазба ақындардың жыр мұшайрасы өтетін кез еді. Қадыр аға бастаған ақын ағалар сол доданың төрешілері ретінде келген.

Байқауға түсіп, бағымызды сынап, бірімізге ұнап, біріміз құлап жүріп бұл аламан бәйге де өз мәресіне жетті-ау. Жұлдегерлер кешке «Алты Алаш» алаңында марапатталатын болып шешіліпті де, оған дейін «Ақ шағала» мейрамханасында ақындарға аудан әкімі Марғұлан Марайым арнайы дастархан жайыпты.

Төрге жайғасқан Қадыр ағаның қасында бір орын бос тұр. Ол орын аудан әкімінің орыны-ау деп шамаладым да, ары қарай керемет отырысты басқарып кеттім. Отырыстың кереметі сол — кейбір іс-шаралардағыдай қатып қалған сценарий жоқ. Демек, «репрессияға» ұшырап кетемін-ау дейтіндей қауіп-қатер жоқ. Бір рахат, мамыражай дарқандық! Үйден Қадыр аға мен Исрайыл ағаның бір-

Ағаның көзіне жас үйірлі. Шамалыдан соң езу тартып отырып әңгімесін бастады.

— Қайран, Шәкең де қызық-ай. Бір күні телефонда «Ай, Қадыр, сен білесің бе, менің қай жақтарға барып қайтқанымыз?»

— Қайдан білейін, Шәке-ау? Хабарым жоқ қой, — десем: — Білмесен біліп ал, мен Қызылқұмды аралап қайттым. Үштөбе, Тамды деген жерлер бар екен. Қазір Өзбекстанға қарайды, бірақ түгелге жуық өзіміздің қазақтар тұрады. Бір таң қалғаным, қыздарының барлығы ажарлы, көрікті келеді...

...Ай, тындап тұрсың ба?

— Иә, иә, тындап тұрмын, Шәке!

— Вот, солай, тындап тұрсаң. Мен сол жақтан ән жазып келдім. Давай, сол әннің текстін жаз.

— Шәке-ау, мен ол жақтың қыздарын өз көзіммен көрсесем, сіздің ойыңыздағыдай етіп қалай жазамын?

— Все. Ничего не знаю. Жазасың деген соң — жазасың. Ей, Қадыр, сен ондай сұлу қыздарды бұрын-соңды көргенсің-ей...

Шәкең осылай да осылай деп бастырмалатып тұр. Амалым құрып, ақыр соңында өзіне жалынуға тура келді.

— Шәке, жарайды енді. Ең болмаса сол аймақтан бір жердің атауын айтыңызшы, өтініш.

— Әй, Мыңбұлақ деген жері бар. Әннің аты «Тамды аруы» болуы тиіс.

— Бопты, енді әуенді қашан тындаймын?

— Кел, үйге, өзім пианинода ойнап беремін. Кел, тез!

Сол күні барып түнімен мәтінін жазып бердім ғой. Міне, бұл ән осылай дүниеге келіп еді. Әбдіғаппар, Жақсыбай, шырақтарым, ризамын. Енді өте тамаша орындадыңдар. Ақынның көзіне қайтадан тамшы үйірілгендей... Өзі ұлы сазгермен бірігіп жазған керемет әннің дүниенің бір қиырында осынша нақышына келтіре орындалып жатқаны ақын жүрегіне әсер етпей қоймады-ау, сірә...? Вальс падишасымен сырласқан кезі, қайталанбас ғажап әнді дүниеге қалай әкелген сонау бір шақтары есіне түсті ме...?

Шамалыдан соң, маған қарап: — Әй,

Менің де кейде хан демей, кара демей қасқайтып айтып салатыным бар:

— Ей, пәленше, осындай шолақ кісіліктеріңді қойындаршы. Біз қайда жүрміз? Әуелі соны біліп алсайшы сен! — дедім де телефонды өшіріп тастадым. Әдемі көңіл әп-сәтте быт-шыт болды. Сол қарқынмен ағаға қарап: «Мынаған жазыңызшы, ертерек», — депкіп кітапты көрсетіп.

Зеректігінен айналайын, заңғарым-ау, менің аяқ астынан әлем-жәлем болған күйімді байқап: «Әй, Әбдіғаппаржан, азырақ ойлануға мұрсап берсейші», — деп риясыз жымиды. Өзімнің ағаттығымды түсіне қойдым да, «Аға, айып етпеңіз», — дедім. Сәлден соң кітапты қолына алып, асықпай жазып бастады. Ұзақ ойланып жазды. Сол кезде-ақ ол кісінің жалпылама қолтаңба емес, менің сол сәттегі жай-күйімді аңғарып, өзгеше бір өрнек түзгенін шамаладым. Ұлы кездесуден керемет әсерге бөленіп тұрған шат көңілімнің шәт-шәлекейі шыққанын байқай қойған ақын, лезде маған деген ағалық-ақындық бағасымен бірге менің болашағым деген сәулелі сенімін танытатын тамаша қолтаңбасын қалдырды. Осы кезде мен оның тағы бір болмысын байқадым. Қадыр аға осы кішілігімен-ақ маған сабақ беріп, екі ауыз сөзімен көңілімді көкке көтеріп, ұлықтардың да кішік бола алатынын айтпай-ақ ұқтырды.

Өмірімде менің азаматтық та, ақындық та жолымда өшпес із қалдырып кеткен үлкен жүректі ақынмен болған екі кездесу өткен күндердің ұмытылмас белгісі ғана емес, қазақтың мақтанышына айналған дара тұлғадан бата алған бақытты сәттер санатында жадымда қалды.

...Содан бері де он жыл өтті. Ол күндер — сағынышты күндер, оралмайтын күндер. Қайталанбас суреттер.

Иә, уақыт Алланың еншісінде.

Қара өлеңнің қасқа нары Қадыр аға!

Әруағыңнан айналдым!

Әбдіғаппар АЙДАРОВ

Түркістан облысы,

Шардара қаласы.

■ ЖОЛДАУ – 2018

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің биылғы жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының жетінші бөлімінде: «Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс.

ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек», — деп атап көрсеткені белгілі.

«Дені сау ұлт — мемлекеттің байлығы» екенін негізге ала отырып, ел саулығын сақтау — ең бір маңызды міндет екеніне назар аударғымыз келеді. Қоғам мүшелерінің ішінде әсіресе балалар көп көңіл бөлуді қажет ететіні анық. Осы тұрғыда қарапайым қағида секілді көрінгенімен, бірақ әрбір ата-ананың есте ұстауы тиіс мәселелерді тілге тиек еткенді жөн санадық.

Мәселен, балалар байқаусызда қандайда бір жарақат алып қалған жағдайда, тез жазылып кетуі үшін оны алдымен дұрыстап таңу қажет.

Егер мүмкіндік болса, медицина мекемесіне барып, сіреспе ауруына қарсы екпе ектірген дұрыс. Жарақаттың қай түрі болса да ең алдымен қанын тоқатып, оған микроб түспеуі үшін дереу таңу керек. Ал қан ағатын болса мынадай ережелерді есте ұстаған жөн: қысып тұрып байлам салу, қолқа тамырды бармақпен сүйекке қысып ұстау, қол-аяқты буыннан барынша бұгу, жараланған жерді көтеріңкі ұстау қажет.

Егер баланың дене мүшелерінің бірі ауыр жарақаттанса немесе сүйегі сынған болса алдымен сынықтың екі жағына жақтау салып, сосын таңған дұрыс. Жарақаттың үстін тазартылған (стерильденген) дәкемен және сутегі тотығына немесе спиртке малынған мақтамен бастырып, микроб түспеуі үшін оны ішінен сыртына қарай жуу керек. Содан кейін жарақатқа тигізбей, айналасына йод жаққан дұрыс.

Әсіресе, жаз айларында мұндай оқиғалар жиі кездеседі. Сондықтан, балалармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар аса маңызды.

Бұл тұрғыда Алматы қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкерлері шілде айында Медеу ауданы №110 бөбекжай балабақшасының 4-6 жас балалар арасында «Өзіңді жарақаттап қалудан сақтан!», Алмалы ауданы түзету үлгісіндегі көру мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған №13 бөбекжай балабақшасының 5-6 жастағы бүлдіршіндері арасында «Қандай апаттардан сақтану керек?», Түркісіб ауданы №73 бөбекжай балабақшасының 5-6 жас балалары арасында «Жолда жүргенде абай бол!» деген тақырыптар төңірегінде семинарлар мен акция өткізді.

Бұл іс-шараларда жолда жүру ережесін қатаң сақтау турасында толықтай мағлұмат берді.

Сондай ақ, жолдан өткенде адамдар жүретін өткелдер мен жаяу жүргіншілер жүретін рұқсат етілген жолдармен жүру керектігі ескертілді. Балалардың қазірден бастап салауатты өмір салтымен жүріп, әрбір бала өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау керектігі айтылды. Соңында өрт, жер сілкінісі және жол апатына ұшыраған кездегі алғашқы медициналық көмек қолын созуды «Қауіпсіздік әліппесі» мультфильмін көрсету арқылы іс-шаралар қорытындыланды.

Сонымен біздің болашағымыз балаларды түрлі жарақаттан қорғау үшін, шұғыл жағдайларда ересектер де өздерін дұрыс ұстағаны жөн. Үлкендердің мінез-құлқы балалар үшін үлгі екенін есімізден шығармайық. Балаларымыздың бақытты балалық шағы қауіпсіз болсын десек, түрлі жарақаттан сақтап, абай болып жүруді үйретейік.

Алматы қалалық салауатты өмір салтын

қалыптастыру орталығы

Белгілі жазушы Сара Латиева – атақты әнші Күләш Байсейітова өмірінен алғаш деректі-көркем дүние туғызған бірден-бір автор. Қаламгердің «Бұлбұл» деп аталатын өмірбаяндық повесть-эссесі осыдан отыз бес жылдай бұрын мол таралыммен шыққан екен. Мұнда әншінің ұлттық опера өнерін дамытудағы еңбегі, оның әлемдік, сондай-ақ ұлттық классикалық шығармаларды игерудегі жемісті ізденістері жоғары кәсіби білік, нәзік сыршылдықпен баяндалады. Аталмыш кітап 2010 жылы «Ана тілі» баспасынан қайта жарық көрген. Бірақ бүгінде осындай бағалы дүниелердің белгілі себептермен қалың оқырманға жетпей жататыны да жасырын емес. Сан алуан тақырыптан тұратын кітаптың тағы бір құнды тұсы – еңбектің соңғы бөлігінде әйгілі әншімен қатар жүріп, қанаттаса ғұмыр кешкен қазақтың біртуар тұлғаларының естеліктері қаз-қалпында беріледі. Көпшілік назарына Күләш өміріне қатысты халыққа беймәлім жәйттер қамтылатын сол әңгіменің кейбір үзінділері ұсынылып отыр.



Сара ЛАТИЕВА,
жазушы

Ғабит Мүсірепов, Халық жазушысы, Еңбек ері, академик:

– Гүләш сахнадағы 22-23 жылында 12-13 образ жасады, сонда екі жылда – бір образ. Соның бір де бірін нашар, төмен еді деуге болмайды. Ол не істесе де жарқырап, жайнап тұратын. Ал режиссердің, либреттистің кемшіліктері болса, ол кейін еске түсетін. Спектакль үстінде көз де, көңіл де тек қана Гүләшқа болатын.

Гүләш сұлу адам емес-ті. Гүләш сымбатты адам емес-ті. Өзі жүдеулеу, орта бойлы, сүйегі ұсақтау, кәдімгі қазақтың қарапайым көп әйелдерінің бірі болатын. Ұзындау, молдау пальтосы бар, бәтәңкесі сәл үлкендеу, хлопчатобумажный чулки бар, онысы сәл бостау – театр сахнасын алғашқы аттаған кездегі бейнесі осындай болатын.

Оның шын аты – Гүлбаһрам болатын, бірақ шешесі Күләш дейтін. Және Гүләш дегенде әлгі бір орыстың тағамымен ұқсап тұр ғой. Негізінде Гүлбаһрамнан – Гүләш болуға керек еді.

Опера – венец искусства. Гүләш (Ғабит Мүсірепов оны – Гүләш деп айтты, біз өзгертпедік. С.Л.) оны оп-оңай меңгеріп әкетті. Оңай болып сырттай қарағанда ғана. Біз ол кезде барлық репетицияға түгел барып жүретінбіз. Ең қызығы, опералық театрды ұйымдастырған кезде арнайы білімді композиторларымыз, әншілеріміз, режиссерларымыз жоқ, бірақ нағыз дирижерларымыз бар еді. Басқа мамандар театрмен бірге есті ғой. Сонда Гүләш композиторларға кәдімгідей ескерту жасайтын. Ол адамның табиғаты мен



музыкалық характердің үйлесімін ерекше сезетін. Өзі өте шыншыл болатын. Сахнадағы образды да шыншылдықпен бейнелейтін.

Музыкалық сауаты жоқ адамның екі жылда бір образ жасауы, әрі оны ешкім қайталай алмайтындай жұп-жұмыр етіп, мәңгілікке соққан ескерткіштей етіп жасау әркімнің қолынан келмейтін нәрсе. Ол сахнаның періштесі болатын. Бір спектакльден бір спектакльге өсіп, жаңарып отыратын.

1936 жылы Мәскеуге бірінші онкүндікке барғанда қазіргі опера театрының ашылғанына төрт жыл ғана болған. Сол онкүндікті «Қыз-Жібек» операсымен аштық. Үкімет адамдары опера басталып кеткен соң, Гүләш «Гәккүді» айтып бола бергенде келді. Соңын ғана естіп қалған олар өкіне бас шайқап, қол соғып жіберді. Соларға қарады ма, әйтеуір зал да болмастан сұрап «Гәккүді» қайтадан айтқызды. Иә-ә, операның ариасын қайталап айтқызды. Сонда үкімет басшысы қасындағыларға қарап: «Қап, мына әншіні басынан бастап тыңдау керек екен», – деген. Олар да қостап, сол жерде біздің Исаевқа әлгі сөзді жеткізген ғой. Сондықтан, «Қыз-Жібек» бір күн өткен соң екінші рет қойылды. Иә, тоталитарлық присутствовал при этом, сидит перед вами собственной персоной.

«Алтыншаштың» премьерасына келген Назиб Жиганов спектакльдің басында шымалдық ашылып, орман ішінен Алтыншаш – Гүләш әндетіп шығып келе жатқанда елеңдеп, қозғалақтап, қатты толқыды. «Бізде мұндай Алтыншаш ешқашан болмайды» деп күбірледі сонда. Қасында бақылап, естіп отырдым. Спектакль біткен соң сол сөзін қайталап айтты. Бұл жәй сыпайылық емес, композитордың, өз шығармасының бағасын білетін адамның сөзі болатын.

«Чио-чио-санның» премьерасында Наталья Сац: «Жаль что Пуччини нету здесь» деп қалды. Бұл премьерға сол кезде Алматыда болған Эйзенштейн, Черкасов сияқты майталмандардың бәрі келген. Және бәрі де естерінен танып шықты. («Чио-чио-санның» премьерасы жайлы оны қойған режиссер Наталья Сац өзінің өмірбаяндық кітабында егжей-тегжейлі жазды. Сол кітаптағы

Күләшқа қатысты үзінділер Әбілмәжін Жұмабаевтың аудармасында қазақ басылымдарында жарияланды. С.Л.)

Олардың қазақша қойылған «Чио-чио-санға» әртүрлі оймен келгені түсінікті ғой. Сақты сыйлағандықтан, мәдениетті қауым ретінде қалада болып жатқан өнер жаңалықтарын біліп жүру үшін, қазақ әншілерінің өресін байқайын деген әуестік дегендей «Майдандағы» Пүлішті ойнағанда шелектегі суға қарап орамалын түзеп жатқанының өзінен-ақ оның актрисалық табиғаты байқалып тұратын.

Гүләштің сеңсең қаракөл тоны, сондай бөркі бар, баспалдақтан түсіп келе жатып, қолғабын киіп жатқан бір суреті бар еді. Сол суретін көрген сайын Мұхтар екеуіміз «Мына суретті көрген адам бірден-ақ бұл актриса ғой» деп бірден айтады екен дейтінбіз. Сол суретін кейін көп іздеп, таппай қойдым. Тірісінде Қанабектен де сұрап едім...

Ол өте нәзік, ласковый, женственный жан еді. Әдейі сынықсу, сыпайысу емес, табиғатына берген, жаратылысына қонған нәрсе болатын. Ол ешқашан артист едім дегенді байқатпайтын.

Адамға ең алдымен қарындас болып келетін адам еді.

Оның сахнадағы бейнесіне тамсану, таңғалуды мынау қыз-ау, қатынау деп емес, «сахнаның періштесі» деп түсіну керек. Өзінде баланың аңқаулығы, сенгіштігі бар еді. Өле-өлгенше солай етті. Өзімен сөйлескен, тілдескен адамның бәріне бірдей ілтипатпен қарайтын. Оның ойында бөтендік, маған әйел деп қарайды-ау деген пікір болмайтын.

Гүләштің үй-ішілік тіршілігі жайсыздау өткен адам.

Қазақ әйелінің көнбістігі болады, я не понимаю этого. Соған бақты ма, намыс па, әйтеуір ешқашан, ешкімге, ешқандай арыз айтпай өтті.

Құралайдың атын Мұхтар қойған. Құралай туарда олардың үй-ішінің жайын білгендіктен, он адамнан құралған компаниямыз бар, «бүгін Күләш туады» деп өтірік жариялап 10 шампан, конфет, тағы сондайларды алып жинадық. Компанияға кезек екіден, кейбіреуге үштен келіп, солай бір ай жинадық. Ақыры бір семіз жылқы алып, Құралайдың тууын бір апта тойладық. Сол тойдан қалған

шампанды есептеп (130 дана), бастығымыз – ақсақалымыз Мұхтар, хаттап тізіп, осылардың біреуін Құралай 18-ге толғанда ашармыз деп келістік. Соны жазып, бәріміз қол қойғанда шампанның қағазы әбден шұбарала болды.

Келер жылы Құралай 1 жасқа толғанда шақырып, Мұхтар екеуіміз звондасып, төрт адам болып бардық. Біз келсек, Күләш қоңырқайлау қарсы алды. Былтырғы 130-дан бір де бір шампан жоқ. Жаңадан алынғандардың біреуін ашып, біз түрегеліп тұрып: «Сенің денсаулығың үшін» деп ауыз тиіп кеттік.

Гүләш арақ ішпейтін. Бірнеше спектакльдерді табысты өткізіп тойлап жатқан кездерде ол аузына алмайтын. Үш-төрт жыл күтіп, зарығып көрген тұңғыш қызының шілдеханасында да тіпті шампан ұрттаған емес.

Өзі серілеу Қанабек үй-ішінің берекесін кетіргенін көзіміз көрді.

Сахна

Бірақ Гүләштің тарапынан арыз, өтініш айтылмаған соң ешкім араласа алмады.

Қарлығаның бейнесі шешесіне ұқсаған да, түрі қараторы (смуглый) болатын. Сол 2-3 жастар кезінде еркелеп өзіне ұмтылған баланы Қанабек қолынан түсіріп алады. Содан бала талып қалған. Екі-үш күнге дейін есі дұрыс кірмей жүрген. «Бұл енді есі ауыс болып қалса қайтем, ақылы кем болса қайтем, балаларымның ішінде үміт күтетінім осы еді» деп жылайды екен Күләш. Ақыры сол қызы 5 жасында қайтыс болды.

Күләштің өліміне көп себептер болды. Рухани жалғыздық. Тіршіліктегі берекесіздік. Қытайға барады деп жиналып жүргенде басы осы аты өшкір... (осы жерде Ғабит бір-екі белгілі адамның атын атады. Бірақ мен этикалық себептерден жазбай отырмын. Қазір кейбіреулері өмірде жоқ, барының жасы келген адам. Әркімге өзінің ары төреші болсын дедім. С.Л.) бірнеше адам арыз жазып, Күләштің орнына басқа адамды салып жіберген. Оған Москваның қатысы жоқ, осы өзімізден.

Сонан соң әйелдің өміріндегі бір қиын, критический кезең болады екен. Сол кездерде өте қауіпті сигналдар болады екен. Мәселен, Фурцева (көп жыл КСРО мәдениет министрі болған әйел) – өзі министр, күйеуі де мықты, тұрмысы дұрыс, өмірден қағу керген жоқ, сол моментінде өзін-өзі мауыздап (Ғабиттің өзі осылай айтты. С.Л.) жіберген.

Күләштің сондай сәттері бір тоғысып қалған. Ол Москвада «Украина» қонақ үйінде, 5-бөлмеде ваннада өлген. Сол күні Брусиловскийдің әйелі келген, екеуі біраз отырған. Сонан соң ваннаға түскен. Түншыққан ба... жүрек шыдамаған, денесінде дақ жоқ, ваннада қан бар, но естественнo.

Қанабек бейіттің басында ма, әлде үйде ме, енді үйленбеймін дегендей бірдеңе айтыпты. Бірақ сол екі-үш айға жетпеді-ау деймін.

Қараусыз қалған үй тозып кетті. Құралайды Магомаев (Муслим Магомаев) алып кетіп, сол жақта үш-төрт ай жүріп қайтқан. Содан қайтарда Москвада Брусиловскийдің үйіне соғып, қонып шығайын дегенде, біз кәрі адамдармыз, артық төсек

болмайды, басқа жер ізде депті. Сонда вокзалға қонған.

Күләш қайтқанда мен Пекинде едім. Пекинде өтетін қазақ өнерінің күндеріне Күләш та қатысуға тиіс еді. Әлгі айтқанымдай оған кедергі келтірушілер болды. «Пекин» қонақүйінің екі телефонды, екі туалетті, бірнеше бөлмелі апартаментін беріп қойған. Бейқам отыр едім, жер-көкті күңіреткен бір дауыс естіле түсіп, кеулеп барады, Арасында «Ғабит аға-ау, айрылдық қой, енді кіміміз қалды-ы-ы» дегенді естідім. Ендігі сәтте дауыс менің апартаментіме кірді, бұл кездегісі тіпті бөлек, айналаның бәрі күңіреніп барады, сол қалпымен келіп мені басса-лып жоқтау айта көрісті. Анықтасам, Күләштің қазасын жоқтау екен. Сол кезде менің «Оянған өлкемді» қытай тіліне аударып жатқан бір қазақ жігіті бар-ды. Жоқтап тұрған соның әйелі екен. Ол Пекиндегі халықтар достығы институтының қазақ бөлімінің ұлттық ансамбліне қатынасатын еді. Ертеңіне институттың барлық ұлттарының

ансамблінің (Қытай тұтас бір атаумен аталғанмен 30 елден тұрады) өкілдері келіп көңіл айтты.

Елге келген соң мұнда тек қана қырғыздың Сайрасы (Сайра Киізбаева, қырғыз әншісі, КСРО Халық артисі, Күләшті қатты қадірлеген адам) жоқтау айтып келіпті деп естідім. Өзімізден ешкім жоқтамапты...

Күләштің көзі ерекше болатын. Қарашығы үлкендеу, ерекше нұрлы, төмен қарағанда көзінің сәулесі бетіне түсіп тұратын.

Таңдайының формасы да басқаша екен, мамандардың айтқанынан естідім.

Біз үй арасында үй жоқ, көрші болатынбыз. Көшенің екі бетінде. Жиі араласып тұрдық. Театрға кетіп бара жатып шәй іше кетуге, болмаса біздің үйде тамақ жоқ еді деп келе салуға болатын. Мен де, әйелім де телефондасып, сөйлесе беретінбіз.

Ол періште емес, әйел еді. Пендешілігі де болған. Бірақ ол таза адам болатын. Ал өнерде, тағы айтамын, шын періште болатын.

Біз қатар өскен, бірге жүрген адамдармыз. Күләш туралы бар білетінім осы ғана демеймін, бірақ айта алатындарым осылар. Риза бол, шырағым...

Мәрия Хакімжанова, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

– Күләшті бірінші рет 1931 жылы көрдім. Ол кезде Рабфакта оқимын. Бізден жоғары курста Иса ағай (Байзақов) оқиды. Оқып жүріп «Әйел теңдігінде» (қазіргі «Қазақстан әйелдері» журналы) тілші болып қызмет істеймін. Ал, рабфактағы қоғамдық жұмыстардың ішінде маған бөлінгені драма үйірмесін жүргізу. Соған байланысты арнайы барып Иса ағаймен сөйлестім. Ол театрдағы Серке ағаймен (атақты Серке Қожамқұлов) таныстырды. Содан Серағаң біздің үйірмеге жетекші болды. Осыны білетін редакторымыз Сара Есова: «Күләштің суретін сұрап әкел, журналға басайық», – деп тапсырма берді. Ұяла, ұяла, барып суретін сұрадым. «Оны қайтеді екен?» деді Күләш сызыла сөйлеп. Сонан Еңлік рөліндегі үкілі тақиямен түскен суретін берді. Бірақ сурет журналға шықпады. (Күләш бұрын тұрмыста болған еді. Күйеуі сол кездегі алғашқы техникалық мамандық

алған қазақтардың бірі, инженер болған. Сол кісі Күләштің театрға баруына, артистігіне кесімді түрде қарсы болған. Содан келісе алмай екеуі ажырасып кеткен. Журнал осы себепті суретті баса алмапты).

Бұрынғыдан бетер ұялып суретті қайта апарып бердім. Сонан таныс, біліс болдық.

Весной – Nauryz Fest, фестивали «Арка әндері» и национальных кухонь, международный фестиваль подледного лова рыбы. До конца лета гостей Бурабая ждут такие мероприятия, как международная парусная регата «Бурабай», фестиваль бардовской песни, благотворительный велопробег Burabike, Rock Fest, международный фестиваль байкеров. На осень запланированы мероприятия для охотников, Beer Fest, Foto Fest, детский фестиваль и многое другое...

«Бурабай уже сейчас является символом Казахстана, – говорит Лидер нации Нурсултан Назарбаев. – В связи с тем, что рядом находится столица и есть хорошая автомагистраль, в последнее время количество туристов увеличивается».

Создаются все возможности для круглогодичного отдыха. Открыты велосипедные и прогулочные трассы, зимой можно кататься на санях, на лошадях, совершать лыжные прогулки. Здесь можно проводить и крупные международные мероприятия. Например, во время Совета иностранных инвесторов в Бурабае собрались ведущие бизнесмены со всего мира. Здесь проходили саммиты СНГ, ЕАЭС... Курортная зона притягивает все больше туристов, и самое главное – создать для них все необходимые условия. Чем лучше будет развиваться инфраструктура, тем больше Бурабай будет приобретать известность во всем мире...»

Қазақ елі үшін биылғы айтулы мерекенің бірі – тоғыз жолдың торабы Сарыарқаның төсінде, ерке Есілдің жағасында, Бозақ шаһарының орны болған Ұлы Жібек жолында бой көтерген сымбатты да кербез қала Астана шаһарының жиырма жылдығы. Осы орайда әрбір өңірдің елімізге аты мәшһүр өнер қайраткерлері келіп, өнерлерін паш етіп, жұршылықтың ықыласына бөленуде. Сөйтіп, Астананың талап деңгейіне сай өз өнерлерін таразылап, алдағы межелерін белгілеп жатады. Сондай талап тұрғысынан Елордамыздың жиырма жылдық төл мерекесі қарсаңында әскери-тарихи мұражайда бір көрме өтті.

«Төбеге шықсаң көңілің ашылар, жақсымен сөйлессең зерден ашылар» демекші, осы бір қарапайым жанмен, сыйлас, тілектес болып келе жатқаныма да көп уақыт өте қойған жоқ. Онымен кездесіп, танысқанымыз қасиетті ұлы тұлға Кейкі батырдың бас сүйегі қанды қол жендеттердің зұлымдығымен туған топырақтан тоқсан жылдай шалғайда жатып, өзінің ата-баба мекеніндегі қорымына әкеліп табысталған мемлекеттік шарадан бастау алған еді. Иә, ол бір халқымыздың рухы көтеріліп, тәуелсіздікке және бір тәу етіп, ұлттық рухтың маркайған кезі болатын. Осы оқиғаға арналған ғылыми конференцияда бас қосып танысып едім.

Өзі Торғай өңірінің тумасы. Негізінен, Торғай жерін елге тұтқа болған сайыпқыран батырлар, сөз ұстаған шешендер, темірден түйін түйген шеберлер, әулие-әмбиелер, ақын-жыршылар, не керек өнері толысқан майталмандар шыққан киелі мекен деп санайды. Яғни, қырандар мекені. Демек, сондай киелі өңірде кіндігі кесіліп, қасиетті топырақтан нәр алған Шөптібай Байділдин бауырым да қара жаяу адам емес. Айта кетейін, бұл замандасым он саусағынан өнер тамған ісмер, оюшы, тарихты жете зерттеген саналы сандақ, кешегі өткен баһадүр бабалардың бүгінге жеткен тұяғы, саркыты. Олай деуімздің де өзіндік сыры бар.

«Тектен нәр алған тозбайды» дегендей, түпкі аталары Орта жүздің ханы болған Қайып-ханның тікелей ұрпағы. Аталары Жыланшық өзені мен Ақкөл арасында би, сұлтан болып, төрелік еткен. Кенес өкіметі орнап, ел басына төнген зұлматты жылдардың бірі – битөрелерді жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқанда аталары жан сауғалау үшін екіге бөлініп оңтүстік ауған. Бірі Созақ, Ташкент, Бұқара жаққа өтсе, екіншісі Ақтөбе, Ырғыз жағын паналаған.

«Қолы білген құм үстінен кеме жүргізер» деген ғой. Оюшы, колөнер шебері, өлкетанушы Шөптібай да табиғи талантымен талайды тамсандырып жүрген атпал азамат. Өз ісінің хас шебері. Бағындырған биіктері де бір басына жетерлік. Абылай хан атындағы халықаралық конференцияның «Алтын медалі», «Қазына сыйлығының» екі мәрте иегері, Әлемдік Шыңғысхан Академиясының құрметті академигі, «Арқалық қаласының құрметті» азаматы деген атақтары да бар. Жақында Шөптібайдың «Оюмен ой айтқан елміз» атты көрмесі өтіп, елге еңбегі сіңген колөнер шеберінің туындылары халыққа кеңінен таныстырылды.

Иә, «өнер – мінсең ат, ұшсаң – канат, кисең – жанат, ішсең – тамақ» деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Өйткені, өнер – халық тарихының шежіресі іспеттес. Себебі, өнер арқылы ғана өмірдің кен тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әр түрлі сезімін жанына жақын қабылдай аласың. Соның ішінде колөнершілік адам өмірінің сан ғасырлық тарихын көз алдына әкеліп, алуан түрлі сыр шертеді. Әсіресе, қазақ халқының басынан өткерген сан қилы тағдырын, тіршілігі мен тынысын, салт-дәстүрін, сана-сезімін, өмір сүрген ортасы, әдет-ғұрпын ұлттық өнер арқылы ұрпақтан

ұрпаққа жалғастырып келеді. Сонау қошқар мүйізден бастау алған қазақтың ұлттық ою-өрнегінің сан ғасырлық тарихы бар. Айталық, біздің жыл санауымыздан бұрынғы V-III ғасыр аралығында Алтай өңірінен, Қара теңізге дейінгі сайын далаға қоныстанған түркі халықтарының түп аталары-сақтар мәдени өмірінде осы ою-өрнектерді қолданған.

Әріректен саралар болсақ, ою-өрнек қазақ даласына оқу-сызу пайда болмай тұрып, дүниеге келген деп айтылып жүр. Айтулы өнерді нақты бір адам немесе қолөнер шеберлері ойлап тапқан жоқ, тек халықтың

КЕУДЕСІ алтын сарайдай

қалауымен өміршеңдікке айналды. Әрине, ол заманда колөнер шеберлерінің қазіргідей арнайы шеберханалары болған жоқ. Әйтсе де, әркім қоршаған дүниені тасқа бейнелеуден бастап, бергін келе киім – кешектерге, ыдыс-аяқтарға сурет етіп салу арқылы бірге-бірте ою-өрнекті қалыптастырған. Ою-өрнек өнері осылайша халқымыздың тұрмыс – тіршілігінде үлкен орын алған. Әр шебер бұл өнерді өз үлгісінде әрқалай дамытқан, жетілдіріп өзінің қолынан шыққан оюға атау берген, астарына терең ұғым сыйғыза білген. Бұдан шығар қорытынды ою-өрнектің тілін, сырын, тарихын, мәнісін шеберден артық ешкім білмейді.

Егер «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» – десек, Шөптібай Байділдин осы ұлттық өнерімізді таза қалпында келер ұрпаққа табыстап жүрген шебер деуге әбден тұрарлық. Жарты ғасырға жуық, яғни қырық жылдан астам уақыттан бері колөнерімен айналысып, оның ыстық-суығына көндігіп, асыл өнердің нағыз майын ішкен хас шеберге айналуы сөзіміздің нақты дәлелі. Осы мерзім аралығында екі мыңнан аса ою-өрнектің түрін жасаған екен. Оның қолынан шыққан ою-өрнек туындылары 1992 жылы Түркияда, 1996 жылы Америкада өткен Атланта олимпиадасында қойылып, бүкіл әлем жұртшылығының таңдайын қақтырғаны да рас. Сонымен қатар, Тұңғыш Президент мұражайында, Астанада өткен ЭКСПО-2017 көрмесінде де Шөптібайдың қолынан шыққан туындылар қазақстандық және шетелдік меймандардың назарына ұсынылды. Одан қалды оның ою-өрнектері республикалық басылымдарда жарияланып, телехабарларда да жиі насихатталып қана қоймай, мақал-мәтел, аталы сөздер, сирек шертеп күйлер, фотосуреттер жинаумен айналысатын қыры да дәріптелуде. «Рухани жаңғыру», «Мәдени

мұра» бағдарламасы негізінде «Тарихымызды түгендейік» атты көлемді еңбегі мен қатар 1200 оюды құраған «Оюмен ой айтқан елміз» жинағының 3-ші кітабы да оқырманға жол тартуға әзір. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Астана мен Тараз қалаларында өткен халықаралық конференцияларға қатысып, ою-өрнектен көрме өткізді. Еңбегі еленіп «Әлемдік Шыңғысхан академиясының құрметті академигі дипломымен марапатталып, төс белгісін кеудесіне тақты. Қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, өнеріне, дәстүріне байланысты 300-ден аса еңбектер жазып, Алматы, Түркістан, Қостанай, Арқалық, Жезқазған, Қарағанды, Қытайдың Құлжа қалаларында өткен ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалары оқылып, жазбалары баспада жарық көрді.

Бірде Шөптібайдың өзін әңгімеге тартып, сыр суыртпақтанғанымызда: «Жалпы, ою-өрнек дегеніміз – қазақ мәдениетінің шежіресі, ата-бабадан қалған мәдени мұра. Іске берілген, жұмысқа төселген, оюларды жатқа жасайтын, өз бетімен жаңа түрлі оюлар жасаушы адамды «оюшы» деп атаған. Оюшылар оюды қиып, құйып, илеп, батырып, кептеп, сызып, шекетулеп, нүктелеп, өз ортасына қарай ою үлгілері болған. Мәселен: «Орта жүздің үлгісі», «Керей үлгісі», «Арғын үлгісі», «Торғай үлгісі» деп аталған. Қазақтың ою-өрнектерінің қай түрін алсаңыз да арасында міндетті түрде «Қошқар мүйіз» оюы болуы шарт. Себебі, сол белгі арқылы ғана қазақтың ою-өрнегі екенін анықтаймыз. Қазақтың ою-өрнегінің қазақ тұрмысында қолданылмайтын саласы жоқ. Тіпті, жаңа туған нәрестенің тал бесігінен, дүниеден озған адамның жер бесігіне дейінгі кезең де ою-өрнекпен қамтылған», – деп салиқалы ойын ортаға тастағаны бар.

Иә, қазақтың ою-өрнегінде – халқымыздың мәдениеті мен

өнері әрі даналығы жатыр. Сондай-ақ, аталмыш өнер мәнді, сәнді, көркемдік мағынасымен ғасырлар бойы халқымыздың талғамынан өткен асыл қазынасы. Бабалардан мұра етілген өнер бұл. Ал, бабалардан қалған қандай өнер, қандай қазына бар?, – дейтін болсақ, оның бір тармағы осы ою-өрнек өнері. Яғни, осындай ғажайып өнерімізді жоғалтпай, әрі қарай дамыту әр ісі қазақтың міндеті болмақ. Бұл орайда біз тілге тиек етіп отырған Шөптібай Байділдиннің көтерген жүгі ауыр, еңбегі ұшан-теңіз екені айтпасақ та түсінікті дер едім.

Қазақ халқы жері от, суы мол жайылым қуып, кең сахарда жүріп жер-суының қадір қасиетін жетік білген, жайлы қоныс іздей жүріп, өсімдік қасиетін мол байыптаған. Жалпы, колөнерін игерумен айналысу кез-келген адамды еңбексүйгіштікке, әсемдікке талаптандыру арқылы халқының тарихын жадында зерделеп, мәдени мұрасын қадірлеп, құрметтеуге баулиды. Ұлттық өнерді, оның ішінде сәндік қолданбалы өнерді ойдағыдай менгерген адамда ұлттық талғамның қалыптасатыны сөзсіз. Осы орайда мына бір оқиға ойыма оралып отыр. Халқымыздың атақты суретшісі Әбілхан Қастеевке: «Ою – өрнекті қайдан, кімнен үйрендің» – деп сауал тастағанда:

«Таудың бұлағынан,
Қойдың құлағынан,
Апамның киізінен
Ешкінің мүйізінен» –
деп ұтымды жауап қайтарса,
танымал ғалым Әлкей Марғұлан «Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді» деп ой түйіндеуі, қазақы ою-өрнек өнерінің тұғырын биіктетіп тұрған жоқ па?

Ендеше, қаймағы бұзылмаған асыл қазынамыз ұлттық ою-өрнек өнерімізді насихаттауда мол еңбек етіп, сол жолда ұлағатты іс атқарған атпал азаматымыз Шөптібай Байділдинді, қалайша қадір тұтпасақ?! Саналы ғұмырын ұлттық өнеріміздің қанатын кеңге жаюына сүбелі үлес қосқан абзал жан

Шөптібайдың есімі құрметтеуге әбден лайық деп білемін.

«Шеберлік шынға жеткізер» деген ғой. Шөпекен ұлттық өнерге ғана ден қойып қоймай шығармашылықпен де айналысып, әртүрлі тақырыпқа қалам сілтеп қояды. Мәселен, елдің, жердің тарихын, осы аймақта өмір сүрген хандар, сұлтандар, батырлар, бектер, билер, шешендер мен көсемдер, ақын-жырау жыршылар, шеберлер, ұста, зергерлер, діни шамшырақтар, тарихи тұлғалардың кесенелер жайлы деректер жинақтап, әулие-әмбиелердің ерекше қасиеттерін, көне тарихи ескерткіштерді зерттеумен де айналысады. Ол қадамы да нәтижесіз емес. «Кейкі батыр» тарихи-зерттеу туындысы, кеңестік заманның қудалауына ұшырап қырық жылға абақтыға тоғытылған Шменбай Әлшориннің түрмеде жазған еңбектерін жинақтаған «Мұхиттан өткен қайық» кітабы қалың оқырманның көзайымына айналды. «Кейкі батыр» шығармасы үшін екі мәрте «Қазына» сыйлығын иемденді. «Үздік өлкетанушы» төсбелгісімен марапатталуы «Құпия сырлы өлке – Арқалық», «Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым» әдеби-танымдық шығармасы осы еңбегінің жемісі. Тағы бір айта кетерлік тұсы – былтырғы жылы «Қазақфильм» түсірген «Кейкі батыр» деректі фильмге кеңесші болса, өзінің «Кейкі батыр» кітабының желісімен түсіріліп жатқан 16 сериялы көркем фильмге де белсене араласуда.

«Рухани жаңғыру» талаптары ата-баба мұраларына мұқият болуды, мүмкіндігінше бүгінгі өмірімізде олардың рухани тәрбиелік маңызын кеңінен пайдалануды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда халық шебері Шөптібай Байділдиннің ою-өрнектерін кеңінен насихаттау қажеттілігі туындап тұр. Оның алғашқы қарлығаштары да белгілі. Астана қаласында әдемі ғимарат-мемлекеттік мұражайдың сырт қабырғаларында қолданылған ою-өрнектер және «Эйр Астана» әуе компаниясы қызметкерлерінің үстіндегі ықшам, ыңғайлы киімдерге салынған оюлар да көз қуантады. Алдағы күндердің міндеттері қазақ халқының белгісі ретінде Қазақстанда шығарылған бұйымдарға өткізілетін көрмелерде, жана қаланың әсем ғимараттарында салынған оюлар ұлтымыздың өзіне тән нақышын көрсетпей ме? Әрине, бұл бағытта ойланатын, іске асыратын шаруалар баршылық. Астана қаласында өткізілген Шөптібай Байділдиннің көрмесі біздерді осындай ойларға жетеледі. Аталмыш шарада ұлттық өнеріміздің жанашырлары бас қосты. Олар көрмені аралаумен бірге Шөптібай шебердің көз ілеспес жылдамдықпен қиып, дайындап берген оюларын тұмар ретінде қабылдады.

Міне, Шөптібайдың шығармашылық жолындағы жетістіктерін жіпке тізгендей түгендер болсақ, айтып тауыса алмаспыз анық. Дегенмен де, «жақсы адам – жұрттың ырысы» деген ғой. Бір ақиқаты – Шөптібай ұзақ жылдардан бері қоғам тынысына белсене араласып, талай жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің рухани, мәдени өмірін, сан-салалы тарауын жандандыруға, жақсарта түсуге бір кісідей үлес қосқан көрнекті қайраткер, танымал өнерпаз әрі жұрттың ырысына айналған кеудесі алтын сарайдай, жақсы адам дер едім.

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы

Ой-хой, шіркін, балалықтың бал дәурені өткен Созақ өңірі! Бұл – Мойынның құмы мен Бетпақтың даласын қақ бөліп ағып жатқан қасиетті Шу өзені мен Қазақтың қара шаңырағы қасиетті Қаратау аралығы. Сол аймақта мектеп бітіргенімізге де міне бірі кем елу жыл толмақшы! Иә, сырт көзге бұл өлке қатал мінезді болғанымен, онда өмір сүрген, жастық шағын өткізген адамға ол өңір жұмаққа парапар.

келіп менімен танысқан. Олар айтқанды, «Біз сенің ағанның жақсы көретін қыздарымыз» деп. Өздері Алматының Қытай шекарасы жағынан көшіп келген, қымсынуды білмейтін ашық қыздар екен. Ал менің ағам биыл осы мектепті бітіріп кеткен-ді. Тіпті біреуі маған «қайным» деп, менің бүйірімді тұрткіледі де. Мен де, «ооо, женеше!» дей салған едім. Енді міне, саған женеше! Майда қағазды жи-

Абай атындағы мектеп онжылдық болды да мен сонда оқыдым. Менімен бірге сыныптасым марқұм Тұрғанбаев Едіге де барды. Шудың тоғызыншы-оныншының балалары Тастыда қайта жиналды. 1968-1969 жылдардың естен кетпес қақаған суығын Тастының интернатында өткіздік. Қыстың бір айы бойы тек ғана тоғыз бен онның ер балалары оқыдық. Сынып ішінде «контрамарка» пеші бар. Математикадан ғана сабақ жүреді. Оны жүргізетін Ибжанов ағай. Тактаның қасы суық. Сондықтан Ибжанов ағай формулаларды «контрамарка» пешіне айналдыра жазады, Біз де айналып жүріп оқып, дәптерімізге көшіреміз...

Сырт қанша суық болса да интернат ішін Созақтың қасиетті сексеуілі жылытатын еді. Дүкендердегі арақтар мен шараптар қатып, сынып жатты. Енді 56 градусық спирт сатыла бастады. Біз, балалар таныстарымыз арқылы шарап сатып алатынбыз. Сосын ол кезде дүкендерге «перловая каша», «рисовая каша» деген консервілер келетін. Қатты суық біздердің қарындарымызды қатты ашырғандықтан интернат тамағына қоса жанағы ботқаларды алып және түнде тоңбау үшін шарап ішетінбіз. Әрине, бұнымызды интернат тәрбиешісіне білдірген емеспіз. Сөйтіп бір күндері көктем де жадырай келген...

Ә, айтпақшы, Жуантөбедегі аға тәрбиеші ағаймен Шымкентте кездестім. Ол кезде мен енді жұмысқа араласа бастаған шағымда, облыстық мекемеде тексеруші қызметінде едім. Осы кемпіріме үйленер алдында бойдақтың әнін салып, ысықырып жүріп, аудандарды тексеруге іссапармен барушы едім. Шолаққорғанға да барғанмын. Бір күні Шымкентке сол Шолаққорғаннан мекеме басшысы Қазыбеков Жарылқасын келіп қалды да, ресторандаттық. Содан көңіліміз көтеріңкі шыққаннан соң, ол: «Ал інім, жүр, мен сені бір сұлу қызбен таныстырайын» деді. Мен де қарсы болмадым. Екеуміз салып ұрып бір үйдің үшінші қабатындағы пәтерге кіріп бардық. Барсақ үй иесі жоқ екен. Жеміміз Жақанды танып, қуанып бәйек болып, шай ікелді. Ауылды сұрап жатыр. Таныстарының аманшылығын біліп жатыр. Шай үстінде әлгі қыз келді. Бір қарағанда жаман емес сияқты. Жақан айналасына білдірмей маған иек қакты. Мен иығымды қикаңдаттым. «Болады» дегенімді түсінгесін ол да тынышталды. Сөйтіп отырғанымызда үй иесі келді, даладан. Кіргеннен бірден таныдым. Аты да есімде. Бірақ ешкіме сыр білдірмедім. Үшеуміз бір шишаны тауысқасын, мен «кетемізге» бастым. Себебі мені, әкешесі жоқ шын жетім болсам да, бір су болған киімі үшін интернаттан бездіріп жібергені қайта-қайта еске түсе беріп, енді бұларға тиіскім келіп отырғанымды байқадым. Жақан түсінбейді, «осында қона салайық, бойдақсын, саған бәрі бір емес пе қайда болсаң да» деп жатып алды. Мен енді шыдай алмай, тұрдым да, үйден шығып кеттім. Үйден алыстай бергенімде, қараңғыда екеуі сонымнан қуып жетті. «Қал» деп қанша жалынса да қалмадым. Тәрбиеші ағай ашуланды. Аузынан жаман сөздер шықты. Менің енді қолым қишы бастады да, бірақ ертеңгі жұмысты ойлап, өзімді өзім ерң тежедім. Сосын бір өзім қараңғылықпен кетіп қалдым...

Уақыт өткен сайын Созақ өңірі көңіліме жақындай түседі. «Тау алыстаған сайын биіктей береді» дейтін қазақтың философиялық нақылы қалай тауып айтылған десеніңші! Созақ өңірінде сол баяғы төрт мектепте бірге оқыған сыныптастармен бірге жүріп небір қызықтар өткізген шақтарды кейде онашада еске аламын. Көңілдің ақ кептері қанатын сабалай, елге қарай ұшқысы-ақ келіп ентелейді-ай. Бірақ балалық шақтың бұлдырағынан бұлтсыз көңіл бағдарлайды да, сабасына түседі. Содан соң күрсіне «Ойхы шіркін, өтіп бара жатқан уақыт-ай» деп, бас шайқағаннан басқа не істерсін?!...

СЫР ТҰНҒАН СОЗАҚ



1965 жылы Созақ ауданы, «Шу» совхозында мектептің жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Кейбір үлкен мектептерде жоқ спорт залы, акт залы, сол кездегі жетістіктермен жабдықталған ондаған кабинеттері болды. Бәрі жана. Осындай тамаша мектепте екі жыл оқып, сегізінші сыныпты бітіргесін, Жуантөбедегі мектепте оқуға тура келді. Себебі, біздің мектеп сегіз жылдық болатынын. Ол жерге біздермен бірге көрші «Тасты» совхозының да «сегізді» бітірушілері барыпты. Бәріміз жиырма шақтымыз. Сынып біреу-ақ. Оған «Жуантөбенің» жергілікті оқушылары ерң сыйып отыр екен. Біз барғасын ертеніне Шолаққорғаннан Әлтен ағай келіп бәрімізді аудан орталығына алып кетпекші болды. Бәріміз үрпиістік. Ағай бізді әбден айналдырды. Көнбеске шара жоқ. Осы Жуантөбедегі С.Сейфуллин мектебінде жиналыс болып, өз еркімізбен Шолаққорғанға баратын болып келісіп отырғанымызда, бақытты балалар анықталды. Сөйтсек, оның бірі мен екенмін, себебі мен осы кезде-ақ Шу бойы мектептерінде атағы шыққан суретші едім. Мені мектептің қабырға газеттерінің бас редакторы сипатында алып қалды. Қуанышым қойныма сыймай отырғанымызда тағы бір қуанышқа бөлендім. Ол менің немере ағам – Бекмұратты осы мектептің мықты спортшысы ретінде алып қалуы еді. Оның да аты тек Шу бойы емес, бүкіл Созақ өңіріне танымал еді. Сосын жақсы оқитын Күлшен деген қыз қалды. Сонымен жиырма шақты баладан үшеуміз іріктеліп, С.Сейфуллин мектебінде оқушысы атандық та шыға келдік. Ауыл жақын. Рахат. Бірақ қуанышым ұзаққа созылмады. Әлгі сыныптастардан қалып кеткеніме кейін әбден өкіндім.

Интернаттың ең шеткі бөлмесінде жататынмын. Бұл бөлмеде тұратындардың екеуі осы Жуантөбенің қойшысының балалары, үшіншісі – мен, ал төртіншісі – онының сыныпта оқытын өзіміздің «Шудың» баласы – Накан еді. Жасы үлкен, менің Бекмұрат ағамдай мектепке екі жыл кеш барған ағамыз-тұғын. Ол кезде жас айырмашылығы үш-төрт жас болса да бір сыныпта оқи беретін.

Оқу басталғалы бір айдай өте бастаған кез. Бөлменің кезекшілігі маған келіп, түс қайта сабақтан соң, еңкейіп еден жуып жатыр едім, дәлізден өтіп бара жатқан екі қыздың біреуі майдалап туралған қағазды біздің бөлмеге шашып жіберіп өздері қашып кетті. Таныдым. Сегізіншіде оқитын Бубина, Нурина деген қыздар екен. Осы дәу қыздар өткенде ғана өздері

наттып қойды.

Осы қу қыздардың жазасын берем деп жүріп, байқаусызда тәрбиешіге тәртіпсіздік танытып қойдым. Сонымен интернат бойынша шұғыл жиналыс болып, оқушылар тізіле тұрып, ортаға мені шығарып, сол кездегі интернат директоры ағайымыз менің жер-жебіріме жетіп, «қулиған, бұзық» деп, интернаттан қуып жіберді. Ертесіне мектепте ірі жиналыс болып, мектептен де қуылдым. Сүтке тиген мысықтай болып «Шуға» келдім. «Бұның не?!» деп, ұрысатын әке-шешем жоқ. Олардан ерте айырылған жетім едім. Ағамның қолында тұрамын. Екінші тоқсан басталғанша үйде жатып алдым. Үйдегілер мені де мектепті де кінәләй алмады. Анығына келсек екеуміздікі де дұрыс. Ал қыздарға не істейсін?... Үйдегілер бір күні маған «студент болу ойында бар ма?» деген еді. Әрине бар! Ол кезде екі ағам студент еді. Каникулда елге келгендегі әңгімелерінде ондағы қызықтардың майын тамызатын. Студент болу үшін мектеп бітіріп аттестат алу керек екені еске түсті. Екінші тоқсанның басында Шолаққорғанға бір өзім жол тарттым.

Сонымен Шолаққорғанда интернат-пансионда жатып, Ы.Алтынсарин атындағы мектептің тоғызыншы сыныбын бітіргенмін. Мұнда да талай қызық болған. Оларды жазсам бір кітап болады. Бұнда да мен суреттен талай із қалдырдым. Мейрамдарда транспорттарды, «лозунгілерді» мен жазушы едім. Сабақты да жақсы оқыдым. Мектепте мені сынып жетекшіміз Таужан, Әлтөре, Әштай, Бейсенбек, Сәулембай ағайлармен бірге Айша апай жақсы көруші еді. Интернат-пансионатта директорымыз Тастыбаев пен тәрбиешіміз Қайдакеш ағамыз әлі есімде. Бұл жерде мен бір бөлмеде қызылкөздік Бағашаров Сабыржан, жуантөбелік Балкенов Темір, балдысулық Дәулет төртеуміз бір бөлмеде тұрдық. Интернатком оныншы сыныпта оқитын осы бөлмелесіміз Темір еді. Олар таңертең, мен түс қайта оқимын. Мені түске дейін ұйықтай бермесін деді ме, әлде менің сыныптасым Наханова Інкәрге ғашықтығынан ба білмедім, интернатком Балкенов Темір маған абыройлы жұмыс «горнды» тапсырды. Сонымен амалсыздан таңғы жетіде тұрып алып горн шалып бүкіл пансионатты оятып жүретін болдым. Балалар менің онсыз да қиын есімімді атамай бәрі «горнист» дейтін болды. Осы пансионат жайлы кейініректе «Бірі кем дүние» атты сатиралық повесть жаздым...

Келесі жылы «Тасты» совхозындағы

Әбдінағым КӨШЕРОВ

■ ДЕНСАУЛЫҚ

«Неліктен адамдар есірткі қабылдап, нашақор болады?» деген сауал қоғамның кез-келген мүшесін толғандырады сөзсіз. Медицинаның наркология ғылымы негізгі үш топтағы жайттарды қарастырады. Олар: биологиялық, психологиялық, қоғамдық яғни әлеуметтік, отбасылық, экономикалық жағдайлар. Бұл жағдайлар өзара тығыз байланысты. Сайып келгенде, осы жағдайлардан туындайтын қиындықтар адамдардың есірткіге елітуіне себепші болуы мүмкін.

ҒАСЫР ДЕРТІМЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТЕ ТҮСУІМІЗ КЕРЕК

Мысалы, отбасындағы түсінбеушіліктер адамды босансытып, бәрін ұмыттырып, мәселелерді басып тастау үшін ішімдікті немесе есірткіні пайдалануға итермелейді. Бұл өз кезегінде жаңа дау-жан-жалды тудырады. Сөйтіп, тұйыққа тірелтеді. Осы жағдайлардың ішінде биологиялық және психологиялық екі тобын толығырақ айтуға тиіспіз. Биологиялық жағдайлар – бұл адамның генетикалық, яғни тұқым қуалайтын бейімділігі. Ол адамдардың есірткіні теріс пайдалануының себебін түсіндіреді. Ен алдымен, жануарлар сияқты адамның миында да рахаттану сезімінің орталығы бар. Бұл орталық бірнеше биохимиялық жүйелерді басқарып, адамның жағдайы мен көңіл-күйін анықтайды. Организмде есірткіге ұқсас заттар түзіледі. Солар адамның қуаныш, көңіл-күйінің жоғары, белсенді, немесе, керісінше, түңілу және қалжырау сияқты түрлі хал-ахуалын тудырады. Алайда, осы жүйенің қызметі әр адамда әртүрлі. Ал кейбірінің табиғи механизмі бірден бұзылады да, есірткіге тәуелділігі артады. Ал, басқа біреулері уақыт өте келе, белгілі бір кезеңде өз еркімен есірткіден бас тартуы мүмкін. Алайда, ешкім де адамның есірткіге бейімділігін анықтай алмайды.

Қоршаған қоғамға қарап, өзара түсінудің, бірін-бірі қадірлей білу, кешірімді болу – барлық отбасының негізі екенін есте сақтау керек. Егер отбасында ата-аналардың арасында ілтипаттылық, достық қарым-қатынас болмаса, онда жағымсыз мінез-құлық балаларына да ауысады. Біздің елімізде нашақорлардың көбеюінің себептерінің бірі – бұқара халықтың есірткінің әсері туралы аз білетіндігі мен оның салдарын жете түсіндіретін мәліметтің жетіспеуі болса керек. Бәрімізге есірткі туралы шындық қажет. Статистика бойынша, қазіргі кезде есірткіні қабылдайтындардың дені – жастар. Олар неліктен осындай қатерлі дертке көбірек душар болады? Егер жасөспірімдер мен жастардың психологиялық ерекшеліктеріне келсек, 11-15 жас арасындағы балалар түрлі әлеуметтік рөлдерді тәжірибелеуге бейім. Яғни, «өзін тексеріп көргісі» келеді. Мінез-құлықтары жиі қайшылықта болатын олар тез шамданғыш. Бұл жас кезеңіндегі балалар басқалардың қатесі арқылы үйренгісі келмейді. Бір жағынан олар бәрін өзіміз көріп-білуіміз тиіс деп есептейді. Ал екінші жағынан, олар әлеуметтік топтың, құрдастарының ықпалына тез түседі. Адам неғұрлым жас болса, соғұрлым сүйемелдеу мен қолдауға, есірткіден арашалау мен үлкендердің ақыл-кеңесіне мұқтаж болады. Олар ересектерден гөрі қоршаған ортаның үйлесімсіздігі мен қаталдығына сезімтал болады, қауырт жағдайлар оның жанын жаралайды. Дәл осы себеппен жастар есірткіге тезірек беріледі, сол арқылы үйлесімділікті, өзінің іштей тырысуларына жауап іздейді. Егер осындай жағдай бірде жүрген достарының бірі есірткі қабылдайтын болса, жанындағылардың бірін дәмін татуға шақырса, оның қарсылық білдіруіне шамасы келмейді. Осылайша бірге жүрген досына еліктеу арқылы есірткіні қабылдауы мүмкін. Күллі ата-аналар, мұғалімдер, барлық ересек адамдар жастарға көбірек көңіл бөліп, оларға жай ғана ақыл ұйретпей, шынайы сырласатын досы болуға тиіс. Басындағы жағдайды жасырмай бөліскенде ғана мәселені оңтайлы шешуге жол ашылады. Бұл жас ұрпақтың әлемі мен мәселелерін түсінуге апаратын төте жол. Ата-анасымен тығыз қарым-қатынаста болған жас өскін қандай жағдайда да есірткіден жұбату іздемейді. Әрі бұл әдіс өз кезегінде ғасыр дертімен күресті күшейте түсуге ықпал етпек.

Алматы қалалақ салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы

ШАҚПА ТІЛДІ ШАРАПХАН

Шарапхан Кенжеханов – Оңтүстікке белгілі сатирик ақын, журналист, суретші... сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Көзі тірі болғанда 80-ге толып, дүркіретіп тойын жасап жатар еді. Амал нешік, дүниеден өткеніне де 15 жылдың жүзі болыпты. Артында қалған ұрпақтары тамыздың 11-жұлдызында Жетісай қаласында ас беріп, еске алу шарасын өткізіп, кітап шығармақ ниетте көрінеді. Сол кітапқа енетін естеліктердің бір шоғырын газетімізге жариялап, «ас қабыл болсын!» айтамыз.

ТАҒДЫР

Осы естелігімді «Тағдыр» деп атағанды жөн көрдім. Олай дегенім, өзімнің өткен өмірімнің бәрі сол тағдырға байланысты болды.

1956 жылдың күзінде мен оқитын мақта иіру фабрикасындағы жүзден астам қыздармен бірге Оңтүстікке мақта теруге бардық. Сол барған жерімізде – өмірлік жарым – Шәкенді кездестірдім. Бізді орталықтағы мәдениет үйінің алдына әкеліп тоқтағанда биік сатыға шығып тұрған қап-қара бозбаланы көрдім. Бойы аласа, шашы бұйра, тура негрді көргендей болдым. Сонда қыздарға дауыстап айтқаным: «Бізді Африкаға әкеліпті, қараңдар, мұнда негрлер бар екен, – деп. Қыздар ду күлді. Сол негр кісі – клубтың маңдайшасына: «Жапнай мақта терімге шығайық!» деп ұран жазып тұр екен. Келешекте өмірлік жарым болатынын сол жерде шешіпті. Содан бері алпыс екі жыл өтіпті. Оның қырық жеті жылын екеуміз отбасы құрып өткіздік. Сезім шіркін, екеумізді бірдей баураған екен. Сол мақталықтың басында өзінің әңгімесімен, қалжындарымен, күнделікті көрсеткен жәрдемімен, киноларға апаруымен өзіне қарай жақындатып келді. Ең бірінші мені таңқалдырғаны – өзінің ішкі дүниесінің кеңдігі, мәдениеттілігі, этикасы, тазалығы, елден, жерден қандай тәрбие алғанына қарай сөйлескен сайын мені баурап алғанын өзім де сезбей қалдым. Оқыған кітаптары, жатқа айтқан өлеңдері және өзінің шығарған өлеңдерін маған күн де оқып, айтып беретін. Бір айдың қалай өткенін байқамай да қалдым. Сол кездегі камкорлығы – менің шашым ұзын да қалың болатын. Шашымды жуа алмай қиналып жүргенімде, сол жерде тұратын бір

кемпірге апарып, таныстырып, жағдайымды жасады. Ол кісі кейін өзім келін болып барғанда маған «ене» болып шықты.

Бір күні қасымдағы досым екеумізді қонаққа шақырды. Өзінің үйі жок, ағасының үйіне бардық. Ол кісі Ерғалидің әкесі – Шәмбіл қайнаға еді. Өздері жас, үйленгендеріне 3-4 жыл болған. Аңқаш деген келіншегімен бір қоржын тамдары бар екен. Олар дастархан жайып қарсы алды. Барын қойыпты. Бір кезде ет әкелді, кәрі жілікке көзім түсті. Есіме апамның кәрі жілікті қызға бермейді, алдына да қоймайды деген сөзі түсіп кетті. Соны Шәкеңе айттым. Сонда ол таңқалып, «сен мұны қайдан білесің, қаланың қызысын ғой» – деді. Бізді мал соймайды, түк те білмейді деймісің? – дедім. Кейін ол кісілер ең жақын қайнағам мен абысыным болып кетті. Келін болып бірінші сол үйге түстім. Ең жақын адамдарым, қайнағам – ақылшы болды. Қиналған кездерімде сол кісілерден күш-қуат алатыным. Соңғы кешті қосшасуға өткіздік. Сондағы Шәкеннің аспанға қарап, айдың жарығына мені қаратып қойып, шығарған бір шумақ өлеңі әлі есімде:

«Алтыным, алтын жалатқаным,
Еріксіз айға бұрып қаратқаным.
Жүрегі сонда, өзі мұнда жүрген,
Есінде болсын әркез

Шарапханың!»

Осы да өлең болып па деп мен күлдім. Сонда Шәкеңнің айтқаны: – Мен өмір бойы саған арнап өлең жазуға дайынмын, тек менің сезімді қабылдасаң, түсінесең, өмірлік серігім, жарым болсаң, арманым болмас еді – деді. Мен оған уақыт көрсетер дедім. Содан қайттық. Алматыға келгеннен бастап хаттарды алатын болдым. Ол хаттар, екеуміздің сезімімізді оята түсті. Ол өзім үшін ғана жазылғандықтан жариялаудың қажеті жок деп ойлаптын. Хаттардан кейін жана жылға өзі де келді. Содан 1958 жылдың сәуір айында Түзел деген нағашысымен мені айттырып келгендей болды.

Содан біз қосылуға келістік. Менің әке-шешем, туған-туыстарым кішігірім той жасады. Сол жылы мамырдың 4-күні некемізді қиып, ерлі-зайыпты болдық. Мен Шәкен екеуміздің қалай қосылғанымызды ғана айтпақпын. Өміріміз солай басталды. Алланың берген несібесін көріп, бала-шағалы болдық. Оқуды да оқыдық, қызметте де істедік, ешкімнен кем болған жоқпыз. Бірімізге біріміз қашан да сүйеу болдық. Алланың қолдауымен шамамыздың келгенінше тырыстық, абыройлы болдық десем де болады. Шәкеннің ең бірінші қасиеті – туған-туысқандарға, жора-жолдасқа деген көзқарасы еді. Осылардың көңіліне қарап, соларға қызмет істеуге әр кезде дайын тұрады. Ағайынға



келген келіндердің беташарын тек өзі өткізетін, әрқайсысына бөлек-бөлек шумақтарды жазатын, бір-біріне еш ұқсамайтын. Менің ренжігенім – Шыңғыстың сүндет тойын берейік дедік. 150 адам шақырып, палатқа құрып, дастархан жайып, бәрі дайын болғанда, Шәкенді Сапар келіп, өзінің жиенінің құдалығын өткізуге алып кетті. Шәкен деген жиналды да кетті де қалды. Ал мен ештеңе де айта алмадым, бәрібір тоқтамайтын еді.

Әйтеуір сол тойды қайнағаларым, жора-жолдастардың арқасында өткіздік. Мен қиналғанымды ешкімге білдірген жоқпын. Сондағы ол кісінің айтқаны – достың көңілін қалдырмау, ал сенің қолыңнан келетін болған соң, өзіне сендім дегені. Ондай жағдайлар көп болып тұрды. Ол кісіге ештеңе дей алмайтын едім. Балалардың оқуы, ер жеткендері, әрқайсысының үйлі-жайлы болуы, өз кезегімен болып жатты. Оның бәрін жаза берудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Басымыздан талай жағдайлар өтті. Бәрін де ойлаумен, ақылдасумен өткізуге тырыстық.

Екеуміздің ойымыз бір жерден шығатын, келіспесек, біраз сөйлеспей, үндемейтін едік. Бірақ, бірінші болып әңгімені өзі бастап, келісетін едік. Біздің айтатын тақырыбымыз да, сөзіміз де еш таусылмайтын. Бөлісетін ойымыз көп болатын. Мені шамасы келгенше еркелететін, жылдың қай мезгілі болмасын, гүл сыйлайтын, кітап сыйлайтын, көңілімді көтеру үшін аяқ астынан өлең жаза салатын, болмаса сурет-шарж салатын... Соларымды сағынамын қазір, аңсаймын. Амал қанша, ол кездер қайтпаса кетті.

Тағдыр тағы да осылай ұйғарыпты. Оның мәңгілік мекеніне кеткеніне быыл 15 жыл болды. Алла бірге қартаюға жазбапты. Мені тағы да қалдырып кетті. Осы 15 жылдың ішінде түсіме кірмеген түн болған емес, әлі сол баяғы күндердей бірге жүреміз, бір жаққа бара жатамыз – келе жатамыз...

Жаза берсем, біздің өміріміздің тарихы болып кетер, айтатын сыр да, сөз де жетерлік. Қалғанын өзіммен бірге ала кетермін. Қыздарым, ұлдарым, немере-шөберелерім, біздің әулетке қосылғандарым – бәріне Алла тағала өмір берсін, қосақтарымен қоса ағарсын. Біздің болғанымызды, өмірімізді естеріне сақтап алып жүрсін деген ниетпен жаздым.

Райхан КЕНЖЕХАНОВА,
Шарапханның жары

ӘР ӘЗІЛІ ЕЛ АУЗЫНДА ЖҮРЕТІН ТАПҚЫР ЕДІ

Көкем туралы көп айтуға болады, әлі айта береміз де. Кез-келген ауылдағы отырыстарда, көкемнің сықақ өлеңдерін еске алмайынша отырыс отырыс болмайды. Себебі, кез-келген қимыл іс- әрекет, әңгімелер сол кісінің айтқан әзілдерімен ұштасып жатады. Кішкентай кезімде ауыл ағаларынан еститінбіз, «Алматыда бір жоғары білімді ініміз бар, елден шыққан, оқып үлкен азамат болды» – деп отыратын. Кейін ағайындар сол кісіні яғни, Шарапхан көкемді 1960-шы жылдардың ортасына таман елге көшіріп алып келді. Көкем Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген болатын. Келе салып қызметке орналасты. Алғашқыда, менің білуімше Аудандық атқару комитетіне нұсқаушы болып қызметке кірген. Кейін редакцияға ауысты. Қызметі жоғарылап, Өзбекстандағы Мырзашөл ауданының «Достық» газетінің бас редактор қызметін бірнеше жыл атқарды. Мен сол 1965-ші жылдан сол көкемнің үйінде жатып оқыдым. Үй М.Әуезов атындағы орталық көшесінің бойындағы екі қабатты алғашқы үйлердің бірі еді. Көкеміз өте ақкөңіл, кіршіксіз таза жан еді. Ал, әзілдері бір бөлек-тін. Көп адамды ойландырып қоятын. Ауылдағы жаңа түскен келін біткеннің бәрінің беташар өлеңдерін өзі жазатын. Әр адамның мінез-құлқына, қызметіне сай дәл тауып, айнытпай суреттейтін. Беташар басталғаннан тойда қыран күлкі болып, біреулері риза, біреулері өкпелеп кетіп жататын. Сол сияқты көкеміз, өте сөзге шебер, әрі тапқыр еді. Қай сөзге болмасын, жауабы дайын тұратын.

Мен көкемнің үйінде жатып оқимын ғой. Бір күні дүкеннен ауа-райын өлшейтін құрал сатып алдым. Сөйтіп оны балконның бұрышына қадап қойдым. Күн де таңертен соған қарап ауа-райын болжап жүремін. Химия пәнінен сол өлшегіш құрал туралы сабақ болды. Мен үйге келе салып сол градусникті сындырып, быт-шытың шығардым. Сондағым, ішінде не бар екенін көру ғой. Балалық қой, әжептеуір тұрған затты құрттым. Кешке көкем келген соң, ана қылығымды көріп ұрысты-ай келіп. Жеңешем ара түсіп жатыр. Менің ойым өзім сатып алған затты не істесем де болады деген түсінік қой. Ал, көкем маған кез-келген бүтін тұрған затты бүлдірмеу керектігін айтып жатыр ғой. Оның бәрін кейін, есейген соң түсіндік. Ол градусник оншалықты маңызды да емес қой, маңыздысы сол – бүтін затты бүлдірмеу. Негізі, ашуы жоқ, балаларға еш зекімейтін.

Кейін де, мен студент кезімде де Жетісайға соғып, көкемнің қолын алып кететінмін. Менімен өзімен тең кісідей сөйлесетін, жарықтық. Сол үйде жүрген соң жеңешемнің де маған деген ықыласы ерекше зор еді. Мен мектепке ерте тұрып кетемін. Жеңешем ерте тұрып, маған шәй беріп, мектепке шығарып салатын. Ол кезде Жаннат, Ләззат, Шынар кішкентай, Шыңғыс енді туылған еді. Қазіргі Жетісай қаласының әкімі ғимаратының жанында. Сол жерден өткен сайын есіме сол балалық шағым түседі. Біз тұрған көшеде мейрам сайын, 1-мамыр, 9-мамыр күндері халықаралық шеру өтетін. Қаланың сол кездегі көрнекті жері болатын. Көкемнен менің үйренгенім көп болды және көп еліктейтінмін. Ол кісі ақындығымен қатар жазу, сызу өнерін де өте жоғары деңгейде меңгерген болатын. Тума талант еді...

Содан көкем Жетісай музыкалық драма театрында директор болып жүргенінде көп жерден арыз жазыла берген соң өз еркімен жұмыстан шығады ғой. Сол кездегі аупартком хатшысы С.Малдыбеков деген кісі кейінге уәде беріп автобазаның кадрлер бөліміне уақытша жұмысқа тұрғызыпты. Әні-міне дегенше алты айдың жүзі болады. Шыдамы таусылған көкеміз хатшыға автобазаның кемшілігін жырмен өткір сынап хат жазған екен.

Жағдай қалай ақсақал, ел ағасы?

Биік үйдің сияқты бел ағасы.

Салмағына бейнеттің бой берменіз,

Сонда тыныш болады ел арасы.

Түрмеде отырғандай күн санадым,
Тағдыр неге тұсаулап, түмшалады?
Алты айда айдаушы боп шыққандарға,
Алты жыл оқыған нем жұмсалады?

Сізден сыр, жасыратын пікір бар ма?

Арамызда келісім, бітім барда,
Күтқарады мені деп күтудемін,
Қолыңызда айбарлы үкім барда ...

Үмітімді арманға қанат қылып,
Шыдап келем әзірше тағат қылып.
Автобазаға мені айдап апарғанша,
Жібергенін жақсы еді қаматтырып! – деген екен қапа болған көкеміз. Бұл хат хатшының қолына тиді ме, тимеді ме білмедім, көкеміз кейін зейнетке шығып кетті. Бірақ, осы бір хаты ел аузында қалып қойды.

«Сегіз қырлы бір сырлы» демекші, біздің көкеміз дәл сондай жан еді. Жатқан жері жайлы болғыр, асыл ағамыз!..

Дүйсенбек ӘЙТЕНҰЛЫ,
інісі

ДҰҒА МЕН БАТА

Еске алып ағайын-жұрт, көзкөргені,
Еңбегін есті ұрпақ безбендеді.
Алланың атқан оғы тимегенде,
Сексенге келер еді сөз мергені.

Жаратқан қолдаған соң қара халық,
Ер Шәкең топтан озды дараланып.
Ас емес мына жиын той болғанда,
Ән салып жүрер едік, шарап алып...

Қазақтың шақпа тілді Шарапханы,
Көп болды елді өзіне қаратпады.
Сыр қалды кейінгіге сексен түрлі,
Жыр қалды қардай аппақ парақтағы.

Қанша жыл қараша үй қаңырады,
Қанша жыл асыл жарың аңырады.
Отыңды өшірмейді ұрпақтарын,
Ордаңның шайқалмайды шаңырағы.

Әр үйде ұлдарың да, қыздарың да,
Бас қосар дәстүріңді бұзғаның ба!
Дұғаға қол жаямыз жұма сайын,
Батаға қол жаюшы ек Сіз барында...

Ғалым ҚАЛИБЕКҰЛЫ

■ ДҮНИЕ-КЕРУЕН

МҰЗ ҮСТІНДЕ БИЛЕГЕН МҰЗБАЛАҚ ҰЛ ЕДІ...

АДАМ ӨЛТІРГЕН КӨЛІК АЙНАСЫ – БҮГІНГІ ҚОҒАМ – ӨМІР АЙНАСЫ!

Мұз үстінде билеген мұзбалақ ұл Өмір мұз айдындай теп-тегіс емес екенін білмеді... Мұзжүректер қолынан қапыда қаза тауып, қыршын кетті... Өрімдей жас еді...

Өлім түгілі ұрсуға қимайтын жаны да, тәні де нәзік болмысты, жайдары да жайсаң ұл еді Денисжан!

«Мен Қазақпын!» – деп, әдемі жымып тұратын оғланға қарап оны өзге ұлт өкілі деп ешкім ойламайтын. Ол Қазақстанның Көк туын көкке талай көтерген көкөрім Олимпиада жүлдегері, әлемдік аламандрдың чемпионы еді...

Кешелі-бері кайғырып жатқан елге қарап, Денистің бүкіл халықтың ұлына – Қазақтың ұлына айналып кеткеніне



куә болдық. Жана ғана сонау Түркістан облысы Жетісай ауданы Нұр ауылының биі Шәрипа Әлиханова апайымыз хабарласты. «Мынау бір ауыр қайғы болды ғой, содан бас көтере алмай жатырмын» – деп, зорға сөйлеп тұр. Қазір ғана жедел жәрдем шақырып, ем жасап кетіпті... «Алматыға хабарласып, ешкімді таба алмай жатырмын. Біздің атымыздан Денистің қоштасуына барып, гүл қойсын деп едім» – дейді қазақ ақындарын жатқа оқитын қайран апайымыз...

Өкініш өзек өртейді! Денистің әкешесіне, отбасына, туған-туыстарына, елге көңіл айтамыз.

Жатқан жері жайлы болсын!

Қазыбек ИСА
Qazaquni.kz

Құттықтау

Ағайынға арқа болған ағамыз

Түркістан облысы Шардара ауданының (бұрынғы Қызылқұм ауданы) тумасы, ағайынға арқа болған ағамыз, ауылдың қадірменді қариясы **Жасұзақ Ізтілеуұлы** 80 жасқа толған қуанышты күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сексеннің сенгіріне шыққан ардақты ағамыздың өнегемен өрілген өмір жолына үңілсек, талайға тағылым боларлық үлгі көреміз. Жасұзақ ағамыз Ташкент халық шаруашылық институтында жоғары білім алып, экономист-бухгалтер мамандығын игеріп шығады.

«Ер – туған жеріне» демекші, жас маман өзінің туған жеріне табан тіреп, ең алғашқы еңбек жолын Шардарадағы құрылыс материалдар комбинатында аға экономист қызметінен бастайды. Кейін өзінің жауаптылығының арқасында Шардара совхозының бас экономисі, «Целинный» совхозының партия ұйымының басшысы, осы совхоздың бас экономисі секілді жоғары қызметтерді абыроймен атқарады. Одан әрі де «Қазақстан» совхозының бас экономисі қызметін атқарып, аймақ



экономикасының қарыштап дамуына елеулі үлес қосады. Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы қызметін атқарған абзал ағамыз Шардара ауданының құрметті азаматы атанды. Осылайша ел-жұртының ерекше құрметіне бөленген Жасұзақ Ізтілеуұлы зейнеткерлікке шығып, бейнетінің зейнетін көріп отыр.

Бүгінде Жасұзақ көкеміз «Алатау батыр» ауылындағы абыройлы ел ағасы. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, әулетінің өрісі күн санап кеңейіп келе жатқан ол өңір жұртшылығының ынтымағы мен бірлігінің артуына да орасан зор ықпал етіп келеді.

Жасұзақ ағамыздың деніне саулық, тілеп, шаңырақтағы шат-мереке бақ берекеге ұлассын дейміз! Алла жар болып, алдындыдан тек ғана ақ таң арайлап ата берсін!

**Бүгінгі күн тамаша бізге ерек күн!
Ізгілікті әрдайым іздеп өткің.
Асуларда бір Алла қолдай берсін,
Жарқын күйде жүзіңіз Жүзге жеткің!**

Құрметпен інііз –
Жұман ШАХАЙҰЛЫ

Ақ батамен көгерте бер еліңді...

«Қазақ үні» газетінің Түркістан облысы, Шардара ауданындағы тілшісі, «Ақ жол» партиясы Түркістан облыстық филиалы Шардара ауданындағы өкілі, әйгілі әнші-термеші, ақын-жырау, асаба **Әбдіғаппар Айдаровты** Түркістан облысында өткен облыстық «Ақ бата» дарынды батагөйлер байқауында жүлделі 1-ші орынды иеленуімен шын жүректен құттықтаймыз. Әр ауданның кіл мықтылары бақ сынаған аламан додада жүзден жүйрік шыққан

өзіңіздің асығыңыз әрдайым алшысынан түсе берсін! «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші, ақ батаңызбен, атқарар істеріңізбен туған еліңіздің өсіп, өнуіне, көркейіп, гүлденуіне үлес қоса бергейсіз!

«Ақ бата» жеңімпазына Ақ жол тілеп, Қазақ үнін биіктен шырқай беріңіз демекпіз!

«Қазақ үні»
газеті ұжымы

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтқын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БИЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН
(8-707-1063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Әзірет ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Алматыда:

Асхат ТЕЗЕКБАЕВ
(8-701-499-27-80); (8-777-115-13-49)

Астанада:

Айтқали ТАБЫС
(8-705-266-38-82; 8-707-751-95-40)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСЖКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген